

#КүшімізБірлікте

Имандылық – ең асыл қасиет. Сондықтан дәстүрлі дініміз ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуы керек. Ұрпаққа осындай өнегелі тәрбие беру – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРАЗА – 2022



ИМАНДЫЛЫҚ – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

6

ТҰЛҒАТАНУ



ЕРЕКШЕ ДАРЫН ИЕСІ

8

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

28 сәуірде, сағат 15.00-де Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Кездесу Алатау ауданындағы «Саялы» шағын-ауданының Аққайнар көшесі, 3 мекенжайы бойынша орналасқан №204 мектепте ұйымдас-тырылады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

26.04.2022

Түнде:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 12 м/с

27.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №44 (6179) 26 сәуір, сейсенбі, 2022 жыл.

#BIRGE #TAZAQAZAQSTAN

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕН СІЗДЕРГЕ СЕНЕМІН!

Мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында



Елордада «Бірге – таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының аясында қалалық сенбілік ұйымдастырылып, Мемлекет басшысының қатысуымен Ботаникалық бақта көшет отырғызу іс-шарасы өтті.

6

МӘСЛИХАТ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІНЕ

1 млн теңгеден бөлінеді



Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XVIII сессиясы өтті, онда депутаттар Алматы қаласы әкімдігінің әр соғыс ардагеріне 1 млн теңге көлемінде төлем бөлу туралы ұсынысын қолдады.

2

ҚЫСҚА...

- Президенттің БАҚ саласындағы сыйлықтарына ұсынымдар қабылдау басталды.
- Биыл Алматыда 12 мыңға жуық түлек мектеп бітіреді.
- Түркі әлемінің электронды энциклопедиясы жасалады.
- Алматыда ақылы автотұрақтар қаланың коммуналдық меншігіне қайтарылды.
- Бүгін, сағат 10.00-де Үкімет үйінде Үкімет отырысы өтеді.
- Ресейде Бауыржан Момышұлына қатысты «құпия» құжаттар табылды.
- Биыл әлеуметтік және басқа да нысандарды жаңғырту бойынша жобалар қолға алынады. 2022 жылы 914 жобаны іске асыруға 100 млрд теңге бөлінді, олар даму әлеуеті бар 492 ауылда жүзеге асырылады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президентіне құттықтау жеделхатын жолдап, Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Эммануэль Макронды Француз Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

Мемлекет басшысы құттықтау жеделхатында Эммануэль Макронның сайлаудағы айқын жеңісі Францияның ұлттық мүддесін қорғау және елді өркендету жолындағы оның қажырлы қызметіне халықтың берген жоғары бағасы мен сенімінің айғағы деп атап көрсетті.

■ СЕНАТ

Бүгін Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» кеңейтілген отырысы өтеді.

■ КОНСТИТУЦИАЛЫҚ КЕҢЕС

Заң қабылдау құқығы Мәжіліске тиесілі болады. Бұл туралы Конституциялық кеңестің аппарат жетекшісі Бақыт Нұрмұханов айтты.

«Заң шығару процесін жаңғыртуға арналған бірқатар өзгеріс жасалды. Заң қабылдау құқығы негізінен Мәжіліске тиесілі болады. Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды мақұлдау немесе мақұлдамау құқығы беріледі. Реттейтін мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, Конституциялық заңдарды палаталардың бірлескен отырысында қабылдау қолдау тапты. Үкіметке адам өмірі мен денсаулығына, мемлекеттің қауіпсіздігіне, басқа да құндылықтарға айрықша қауіп төнген жағдайда заң күші бар нормативтік-құқықтық актілер қабылдау құқығы берілді», – деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкіметтің Цифрлық кеңсесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру жөнінде кеңес өткізді.

Премьер-Министр бағаны ұстап тұру мәселелері бірінші кезекте маңызды екенін атап өтті. ӘМАТ бағасының ең жоғары өсімі тіркелген Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары әкімдерінің орынбасарлары Ерлан Бекмұрзаев пен Әлішер Әбдіқадыровтың, сондай-ақ республика бойынша қырыққабаттың ең жоғары бағасы (килограмына 340 теңге) тіркелген Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Скаковтың есептерін тыңдады.

■ МИНИСТР

Үкіметтің Цифрлық кеңсесінде өткен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру жөнінде кеңесте Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, бүгінгі таңда Қазақстанда азық-түліктің (жана өнімді есептемегенде 669 841 тонна), оның ішінде сиыр еті, картоп, ұн, жұмыртқа, сүт және т.б. едәуір қоры қалыптастырылған.

■ ҚАЗГИДРОМЕТ

Елімізде ауа райы күрт жылынады. Алдағы күндері антициклон келеді, бұл жауын-шашынның тоқтауына және ауа массаларының белсенді жылынуына ықпал етеді: күндіз еліміздің солтүстігінде 13–18-ден 20–25-ке дейін жылу, орталықта 8–18-ден 15–23-ке дейін жылу, оңтүстікте 18–28-ден 23–30-ға дейін жылу, батыста 20–28 жылу, шығыста 10–18 жылу, ал оңтүстік-шығыста 17–25 жылу орын алады. Республиканың батысы мен таулы, тау бөктеріндегі аудандарында, атмосфералық фронтальдық бөліктердің өтуіне байланысты найзағай жарқылдап, жаңбыр жауады. Орталықта, шығыста және таулы аймақтарда түнде және таңертең тұман болжанады. Қазақстанның оңтүстігінде, оңтүстік-батысында шаңды дауыл мен жел күшейеді.

■ МЕМОРАНДУМ

KITF-2022 20-шы халықаралық мерейтойлық көрмесі шеңберінде Президент тапсырмасына сәйкес, Алматы агломерациясында туризмді дамыту жөніндегі Жол картасын әзірлеу бойынша Kazakh Tourism ҰК мен Kaz Alpine Club қоғамдық бірлестігі арасында туризм саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

■ ТУРИЗМ

Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Сабина Амангелді келтірген мәлімет бойынша, 2021 жылдың қорытындысында шаһарда туризм саласына инвестиция көлемі 46,3% өсіммен 100,7 млрд теңгеге жеткен.

– Алматы – Қазақстанның ең ірі мегаполисі және келген шетелдік туристер саны бойынша абсолюттік көшбасшы. Қала іскерлік, экологиялық, мәдени-этнографиялық, тау шаңғысы туризмін, сондай-ақ отбасылық демалысты дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Қазақстанға келген әрбір екінші шетелдік туристің Алматыға келетінін айта кету керек. Былтыр қалаға келген туристер саны 65%-ға өсіп, 1,2 млн туристке жетті. Бұл республикалық көрсеткіштің бестен бір бөлігі – 5,4 млн адам. 2025 жылға қарай 2,3 млн турист тартуды жоспарлап отырмыз», – деді басқарма басшысы.


#ЖОЛДАУ2022



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022

■ МӘСЛИХАТ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІНЕ
1 млн теңгеден бөлінеді

(Басы 1-бетте)

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесуде мегаполис әкімі Ерболат Досаев ардагерлерді материалдық қолдау бастамасын ұсынған болатын.

Жеңіс күні құрметіне Ұлы Отан соғысының 75 қатысушысы мен мүгедектері **1 млн теңгеден** біржолғы төлем алады.

Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген азаматтар, ҰОС майдангерлерінің жесірлері, Ауғанстандағы ұрыс қимылдарында қаза тапқан азаматтардың отбасылары, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, яғни **4544 адам 100 мың теңгеден** төлем алады.

10 мыңнан астам азаматқа, оның ішінде еңбек майданына қатысушыларға **50 мың теңгеден** төлемдер жоспарланған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағында санаторлық-курорттық емделу үшін өтемдер қарастырылған мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі кеңейтілді. Төлемдер мереке күндеріне дейін жүргізіледі.

Бұдан бөлек, депутаттар Алматы



қаласының **Көлік инфрақұрылымын дамыту жоспарының** жобасын қабылдады.

Жоспар шеңберінде «Қалқаман» станциясынан «Барлық» базарына дейін метрополитеннің 5,2 шақырым ұзындығымен **бірінші желісінің үшінші кезегін салу**, Саин көшесі мен Мөңке би (Ақын Сара) көшесінің қиылысында **көлік жолайрығын** салу көзделген.

Сонымен қатар, қаланың 8 шағынауданында ұзындығы **140,4 шақырым**

жол салу жоспарланған, олардың қатарында «Шапағат», «Боралдай», «Текті», «Рахат-Мәдениет», «Шұғыла», «Ақжар», «Маяк», «Мәдениет» шағынаудандары бар. Ұзындығы 39,7 шақырым болатын **10 магистралды көшені** тесу (тесіп ұзарту) жүзеге асырылады.

Жалпы жоспарға сәйкес, әкімдік тарапынан жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 2025 жылға дейін 86%-дан 95%-ға дейін арттыру жоспарлануда.

■ ЖӨН ЕКЕН!

АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚТАР
қала меншігіне қайтарылды

Монополиясыздандыру және ықтимал шығынды өтеу мақсатында Алматы қаласының әкімдігіне компания иелерінен «Алматы спецтехпаркинг сервис» ЖШС-нің 70% мөлшеріндегі үлесін және «Alan Parking» ЖШС-нің 100% үлесін қала меншігіне қайтару туралы ұсыныс түсті.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫҚЫЗЫ

табылады. ЖШС толығымен жеке меншікте болды.

Алматы әкімдігі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жоғарыда көрсетілген компаниялардағы үлестерді қайтару туралы тиісті қаулы қабылдады. Бүгінде ақылды тұрақ жүйесі штаттық режимде жұмыс істейді. Қаулыға сәйкес, ақылды тұрақтар қызметінен түскен барлық кіріс ағымдағы жылдың 25 сәуірінен бастап қала бюджетіне бағытталатын болады.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының әкімдігі қаланың тұрақ аймағын ұйымдастыру жөнінде бірыңғай оператор

құру бойынша жұмысты бастады. Қолданыстағы заңнамада белгіленген рұқсат беру құжаттарын алу мерзімдерін, сондай-ақ монополияға қарсы органдармен келісу қажеттілігін ескере отырып, бірыңғай оператор 2022 жылғы 1 тамызға дейін құрылатын болады.

Алматы тұрғындарының шағымдары негізінде сервис сапасын арттыру мақсатында ақылды тұрақтар жұмысын жетілдіру үшін кешенді шаралар қабылданады.

Алдағы уақытта халықаралық тәжірибені қолдана отырып, қалалық тұрақ кеңістігін дамыту және көшелер мен аулаларды абаттандыру үшін ақылды тұрақтардан түсетін түсімдерді пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу жоспарлануда. Сондай-ақ, жинақталған проблемаларды шешу үшін қалада көп деңгейлі тұрақтар салу басымдыққа ие болады.

Алматыда ақылды автотұрақ жүйесі алғаш рет 2016 жылы енгізілді. Жоғарыда аталған компаниялардың ақпараты бойынша, ақылды тұрақтардан қаржы айналымы жылына орта есеппен 1,4 млрд теңгені құрады.

Қазіргі уақытта компания басшыларына қатысты қылмыстық іс қозғалды және бюджет қаражатын ұрлаумен байланысты тергеу амалдары жүргізілуде.



ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА:

Елбасының өкілеттігі Конституциядан алынып тасталады

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сарапшылар тобы Конституциялық кеңестің қарауына қабылданған конституциялық түзетулердің мәнін түсіндірді.

Елбасы мәртебесі және оның өкілеттігі туралы Конституциядағы баптар қоғамда көп сұрақ тудыруда.

Жұмыс тобының мүшесі, заң ғылымының докторы Ермек Әбдірасылов атап өткендей, конституциялық түзе-

тулер жобасында Тұңғыш Президенттің мәртебесі мен өкілеттіктері туралы 46-баптың 4-тармағы алынып тасталды.

Елбасы титулы туралы нормалар Конституциядан алынып тасталады. Сонымен қатар, Тұңғыш Президенттің мемлекеттің негізін қалаушы ретіндегі тарихи мәртебесі сақталды.

ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА ИДЕЯСЫ

ҚР Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Екінші республика идеясын іске асыруға берік құқықтық негіз болады.



Конституциялық өзгерістер қабылданған жағдайда Мемлекет басшысы жариялаған екінші республика идеясын іске асыруға берік құқықтық негіз қаланады. Арнайы жұмыс тобының мүшесі, Конституциялық кеңестің аппарат жетекшісі Бақыт Нұрмұхановтың айтуынша, саяси құқықтық жүйеде мемлекеттік құрылым институттарының қарым-қатынастары, өзара әрекеттесу тетіктері және халық алдындағы жауапкершілігі артады.

«Жалпы мемлекет басшысының идеяларын іске асыру құқықтық жүйені Ата Заңға сәйкес пәрменді дамытуға, азаматтардың конституциялық құқығының кепілдері мен елдегі заңдылық режимін нығайтуға, халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді», – деді Конституциялық кеңестің аппарат жетекшісі Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

«ӨЛІМ ЖАЗАСЫ» ҰҒЫМЫ АТА ЗАҢНАН ЖОЙЫЛДЫ

Быттыр Қазақстанның қылмыстық кодексіне және басқа заңдарынан өлім жазасы алынып тасталды. Бұл ұғым Ата заңнан жойылып отыр. Енді Қазақстан іс жүзінде де, заң жүзінде де өлім жазасы жоқ мемлекет. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте арнайы жұмыс тобының мүшесі, Конституциялық кеңестің аппарат жетекшісі Бақыт Нұрмұханов мәлімдеді.

«Омбудсмен институты туралы жеке бап қарастырылды. Азаматтардың өтініш беруіне жол ашып, Конституциялық кеңесті Конституциялық сотқа айналдыру бастамасын ерекше атап өткен жөн. Конс-

титудиялық сот төрелігі бойынша дүниежүзілік конституциялық қауымдастыққа мүше елдердің 118-нің 70-інде Конституциялық сот құрылған. 12 мемлекетте Конституциялық кеңес жұмыс істейді және

қалғандарында бұл функцияны Жоғарғы соттар және басқа органдар жүзеге асырады. Осы орайда Қазақстан әлемде ең кең тараған және тиімді модельді таңдап отыр. Конституциялық бақылау органдары Ата Заңның талаптарын жүзеге асыруда маңызды роль атқарады. Бұл негізінен Ата Заңның нормаларына негізгі түсіндірме беру, конституциялық дауларды шешу, қолданыстағы заңнаманың конституциялық талаптарға сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асады», – деді Б.Нұрмұханов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

BIG STAR MESSENGER

ШЕТЕЛДІК ҚОСЫМШАЛАРДЫ ШАҢ ҚАПТЫРАДЫ

Қазақстандық IT мамандар жаңа қосымша жасап шығарды

Қазақстандық компания жаңа «Big Star Messenger» әлеуметтік желісін қосты. Бұл қосымша ең жаңа бағдарлама тілінде қазақстандық IT мамандар күшімен жасалған. Жоба авторлары желі жасалуында шетелдік қосымшалардың негізге алынбағандығын айтады. Бұл жаңашыл жоба мемлекет тарапынан шақырылып, Дубайдағы «EXPO-2020» Қазақстан павильонында көрсетілген.



Дос
МҰРАТБЕКҰЛЫ

«Big Star Messenger» құрылымдық жағынан өзге желілерге ұқсағанымен, өзіндік артықшылықтарының арқасында ол шетелдік қосымшаларды басып озады. Бұл жобаны әр адамға пайдалы әрі ыңғайлы болатындай жасадық», – дейді бағдарламаны құрастырушылар.

Қосымша тек қазақстандық емес, жалпы әлемдік аудиторияға бағытталған. Желі ішінде хабарламаны бір тілден екінші тілге аударып жіберетін мульти-аударма орнатылған. Бұл қосымша арқылы еркін хат алмасуға, аудио және видеохабарлама арқылы өзара байланысуға болады. Сондай-ақ, әртүрлі форматтағы ақпараттар мен материалдар жіберуге, оларды электронды қоймада сақтауға

мүмкіндік бар. Қолданушыға жан-жақты көмек көрсететін жасанды интеллект те желі артықшылығына кіреді.

Сонымен қатар, қосымша ішіне «Big Star Event», «Big Star Work» электронды алаңдары біріктірілген. Бұл алаңдардың бірі той ұйымдастыру не жасау туралы хабарландыру орналастыруға, ал бірі жұмыс пен маман іздеушілерге арналған.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша Алматыдан мемлекеттік бюджетке **929 МЛРД ТЕҢГЕ** салық түсті



Биыл **12 000-ға** жуық түлек мектеп бітіреді



Мегаполиске соңғы 12 айда **1,2 МЛН** турист саяхаттаған



Жыл соңына дейін бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге **5,3 МЛРД ТЕҢГЕ** бөлінген



2023 жылға дейін **376 ШАҚЫРЫМ** арық желілерін жөндеу жоспарда бар



Алматыда **306 МЫҢ** кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді



Жасыл желектерді санитарлық өңдеу бойынша **60 000** ағаш қалалық қызметтердің назарында тұр



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

АРЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ АЙТЫЛАР СЫН АЗАЙМАЙ ТҰР

Алматының көшелері суға толды. Түннен бастап жауған нөсер суы арығы жоқ көшелердің бетіне жайылып, көлік пен жаяу жүргіншілерге қолайсыздық тудыруда. Қаланың төменгі бөлігіне қарай ылдилай аққан суға қарап, шаһар көшелерінің бойындағы арық-атыздардың дұрыс жұмыс істемей тұрғанын байқауға болады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Табиғаттың түрлі тосын мінез танытып жатуы қалыпты жағдай. Дейтұрғанмен, жаңбыр маусымы басталса бітті, Алматы көшелеріндегі арықтар арнасынан асып, аула мен тұрғын үйлерді су басып жатуы үйреншікті көрініске айналғандай... Қала тұрғындары «бұл жағдайдың жыл сайын қайталанатынын білсе де, жауапты мамандар неге шара қолданбайды?» деп шағымданып, әлеуметтік желідегі паракшаларында көше, мектеп жанындағы жаңбыр суынан пайда болған қолайсыздықтарды жүктеп жатыр.

Желі қолданушылардың бірі «бұл құбылыс жылда көктем мен күзде қайталаанады. Көше бойына жайылған жауын суын тобықтан емес, тізеден кешіп жүрміз. Арықтарды жөндеу керек» десе, екіншілері: «Баяғы жартас, сол

жартас», бәрі бәз-баяғыша. Қаладағы арықтардың тең жартысы істен шыққан. Тіпті, арығы жоқ көшелер де бар...» деп мұңдарын шағып бақты.

«Бітелген арықтан ағатын судан әбден мезі болдық» деген Медеу ауданының тұрғындары суағарлар мәселесіне қатысты біраз түйткілді ойларын айтып, Жібек жолы мен Зенков және Қалдаяқов көшелеріндегі арықтардың дұрыс жұмыс істемейтініне шағымданды. Олар «сенбесеніздер, жаңбыр жауған күні Көк базарға келіңізші, айналасы көлшік суларға толып, түрлі қоқыс жол бойына толып жататынын өз көздеріңізбен көресіздер» деп, жауапты мекеме өкілдерінен арық-атыздарды тезірек тазалау жұмыстарын ұйымдастыруды сұрады.

Бүгінде Алматыда 1525 шақырым арық жүйесі бар.

Бірақ оның 376 шақырымы жарамсыз. Ал жиылған суды өзенге ағызатын 16 коллектордың 12-сі бүгінде жұмыс істемейді. Себебі, олардың көбі кеңес дәуірінде салынған коллекторлық каналдар.

Өткен аптада ғана Жасыл экономика басқармасының өкілдері қаладағы проблемалық аумақтарды анықтап, жөндеу жұмыстарын қолға алатындарын хабарлаған болатын. Айтуларынша, келер жылы Түркісіб пен Алатау ауданында 100 шақырым жаңа арық желісі салынып, 26 шақырым коллектор іске қосылады.

Жасыл экономика басқармасы басшысының міндетін атқарушы Серік Әділбаевтың айтуынша, қазір қаладағы 16 коллектордың төртеуі ғана жарамды. 2011 жылы салынған құбыр Қонаев пен Әйтеке би көшесінің қиылысында орналасқан. Бірақ сол күйі іске қосылмапты. Ал бұл канал арқылы Панфилов, Назарбаев, Қонаев көшелеріне түскен жаңбыр суы өзенге құйылады. Коллектор қоқысқа толып, бітеліп қалғандықтан, жылда Абай көшесінің төменгі бөлігіндегі 56 көше суға толады. Дәл осы жағдай «Саяхат» пен екінші Теміржол бекетінде де жиі көрініс табады.

Қала тұрғындарына ыңғайсыздық тудырған бұл мәселені қолға алған жауаптылар жобаны 3 кезеңмен жүзеге асырмақшы. Бүгінде Наурызбай, Өуезов, Алатау ауданында күрделі жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Орталықта шаруаны бастау үшін құжаттарға өзгерту енгізіледі. Ал шаруа аяқталған соң, қадағалау «Эко Алматы» мекемесіне беріледі.

«Бізге өткізілгеннен кейін қоқыстан, тастан тазалау жұмыстары жасалады. Арасында халық тастайтын тұрмыстық қалдықтар мен жаңбырмен ағып келген топырақ, түйіршіктерді де тазалаймыз», – деді «Эко Алматы» ЖШС директорының орынбасары Рүстем Мұхамеджанов.

Жоба аясында суағарларды біріктіру де жоспарланып отыр. Өйткені, шаһардағы арық желілерінің 11 пайызы ғана суару жұмысына қолданылады екен. Жалпы, шаруа келесі жылдың соңына дейін аяқталады. Нәтижесінде Түркісіб пен Алатау ауданында 100 шақырым жаңа арық желісі салынып, 26 шақырым коллектор іске қосылады.

Дегенмен, дәл қазіргі уақыт су ағатын құбырлардың ішкі тазалығы, ағын судың арнасымен ағып кету мәселелері назарда тұруы міндетті. Қаланың коммуналдық қызметтері күн сайын су жүретін арықтарда тазалық жұмыстарын жүргізіп, су өтетін ішкі құбырдың бітелмеуін, айналасындағы қоқыстарды алып тастау, маңындағы алақұла өсіп кеткен шөптерді тазалауды да кейінге қалдырмауы тиіс. Бұл су еркін ағып кету үшін арықтарға жүргізілетін негізгі жұмыстардың бірі. Өйткені, синоптиктер алдағы күндері Алматы жаңбырлы болады деп болжап отыр.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

КӨРМЕГЕ КӨРІК БЕРГЕН ӨНІМДЕР

Алматылық кәсіпкерлер тауарын Елордаға ұсынды

«Даму» қоры 2015 жылдан бері өткізіп келе жатқан отандық өндірушілердің «Ulttyq Onim» атты дәстүрлі көрмесі екі жылдық үзілістен соң қайта жанданып, Алматы қаласы өз өнімдерін ұсынды.



Динара
МҰРАТ



Осы уақыт ішінде көрме біздің отандастарымыздың арасында танымалдылыққа ие болды. Себебі, аталмыш шара қазақстандық өндірушілер өз өнімдерін көрсетіп, тәжірибе жинақтап, өзіндік табыс жолымен бөлісетін жаңа, ауқымды алаңға айналды.

Көрме шеңберінде мемлекеттік қолдауға ие болған шағын және орта бизнес субъектілерінің, оның ішінде «Бәйтерек» холдингі мен «Даму» қорының бағдарламалары арқылы өнеркәсіптің тамақ, құрылыс, жиһаз, киім, мамандандырылған техника мен жабдықтар өндірісі, сондай-ақ кәдесый мен полиграфиялық өнімдерді өңдеу сияқты салаларының тауарлары ұсынылды. Биылғы жылы қор келушілер үшін отандық өндірушілер көрмесінің «ULTTYQ ÖNİM» мазмұнды және пайдалы бағдарламасын дайындауда. Көрмеде барлығы «Қазақстанда жасалған» санатындағы үздік өндірушілердің сапалы өнімдерін көріп, дәмін татып, сатып ала алады.

Еліміздің ірі қалаларының бірі Алматы да өз компанияларын көрмеде таныстырды. Атап айтқанда, сүт өнімдерін, ірімшіктерді, жартылай фабрикаттарды, табиғи шырындарды өндірушілер болды. Сондай-ақ, біздің қала жеңіл өнеркәсіп тауарларын да ұсынды. Келушілерге қолдан жасалған отандық заттарды, спорттық киімдерді, сыртқы киімдер мен ұлттық киімдерді, аксессуарларды көріп, сатып алуға мүмкіндік ашылды. Мысалы, алматылық кәсіпкерлер арнайы киім, шұлық бұйымдарын, ұлттық киімдер, қолдан жасалған сөмкелерін көрмеде ұсынды. Сонымен бірге, онда тұрмыстық химия өнімдері, косметикалық құралдар, қолдан жасалған сабындар да болды.

Көрме қонақтарын отандық өндірістің тауарлары мен қызметтерінің үлкен таңдауы, қуатты нетворкинг, мықты мастер-кластар мен бағалы сыйлықтардың ұтыс ойындары күтеді. Сонымен қатар, көрме аясында дәстүрге айналған сән көрсетілімі өтеді, бұл дарынды қазақстандық дизайнерлердің бірегей киімдерін ғана емес, бас киімдері мен аксессуарларын да өз көзімен көруге және сатып алуға тамаша мүмкіндік. Жалпы, мұндай көрмелерде әр аумақтың өнеркәсіп әлеуеті нақты байқалады, алматылық кәсіпкерлердің биылғы дайындығы көрме аяқталғанша өз бағасын ала жатар.

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ
басталады

Биыл мамыр айында «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасына азаматтардан өтінім қабылдана бастайды. Бұл туралы «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова мәлім етті.

«Биыл мамырда «Бақытты отбасы» бағдарламасын жалғастырамыз. Аталған тұрғын үймен қамту бағдарламасы осымен төртінші жыл іске асып келеді. Ол үшін бюджеттен 51 млрд теңге келіп түсті. Жоспар бойынша 5 отбасыға 2 пайыздық мөлшерде тұрғын үй беріледі. Сонымен қатар, келесі айдан бастап «Әскери баспана» бағдарламасын іске қосамыз», – деді Ләззат Ибрагимова Нұр-Сұлтан қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Оның айтуынша, биылдыққа 22 мың азамат тұрғын үй неснесіне ие болды. «Сондай-ақ, жыл басталғалы 240 мың қазақстандық біздің банктен депозит ашты. Ол депозиттерге 4 айдың ішінде 511 млрд теңге аударылды», – дейді Ләззат Ибрагимова. Бұған дейін аталған банк басшысы кейбір қазақстандықтардың жылжымайтын мүлкі бола тұра, тұрғын үй кезегіне қойылғанын айтты. Одан бөлек, жалға берілетін тұрғын үйге субсидия алудың реті түсіндірілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



#ЖОЛДАУ2022

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан – бүтінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты» деді. Туған елімізді дамыту оны өркендету жаңа ұрпақтың аса маңызды атқарар алдағы миссиясы екені анық. Осы жолда баршамыз аянбай іс атқаруымыз қажет.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Осыған орай «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрағасы, Алматы қаласының әкімі жанындағы жастар кеңесінің мүшесі Бағдат Анарбаеваны сұхбатқа тартқан едік.

– «Жаңа Қазақстан» бастамасын қалай түсінесіз?

– «Жаңа Қазақстан» бастамасын өткен қаңтар оқиғасынан тиісті қорытынды жасап, тарихымызды қастерлей отыра, еліміздің дамуына, өткен қателіктеріміздің қайталанбауына атсалысуымыз деп түсінемін. Яғни басқалардан өзгерістер күтпей, әр адамның өз ортасында еліміздің дамуына, айналымызға пайдамызды тигізуге өзінің үлесін қосу қажет деп білемін.

– Жуырда Мемлекет басшысының қолынан марапат алдыңыз. Қандай істерге байланысты берілді. Толығырақ айтып бересіз бе?

– Мен 9 жылдан бері волонтерлік қайырымдылық қызметпен айналысамын. Пандемия кезінде Алматы қаласы жедел волонтерлар штабының жетекшісі болдым. Қаңтар оқиғасы кезінде Алматы қаласы волонтерлар штабының координаторы болдым. Сол кездерде қала бойынша

волонтерлардың жұмысын үйлестіріп, мұқтаж адамдарға көмектескен едім. Одан бөлек, осы 9 жыл көлемінде қоғамдық жұмыспен айналысамын. Қазіргі таңда «QAMQOR CHARITY» ҚҚ-ның төрағасымын және Алматы қаласы әкімі жанындағы жастар кеңесінің мүшесімін. Біздің қор жүйелі түрде көмекке мұқтаж отбасыларға, жалғызбасты зейнеткерлерге, ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға, қиын жағдайда қалған жандарға көмектесіп, қолдау көрсетіп тұрады. Марапатты осы қызметтер үшін алдым деп ойлаймын. Алайда, бұл марапат мен үшін үлкен тосын сый болды, өйткені мен осы марапатқа ұсынылғанымды соңына дейін білмедім.

– Ерікті болуға не түрткі болды, осы істің қиындығы, жалпы қыр-сыры туралы айтсаңыз?

– Волонтер болуға басты түрткі болған ол өзімнің жеке өмірлік тарихым болды деп айтсам болады. Кішкентай кезімде ата-анамнан айырылдым. Осы себепті, ата-анасынан айырылған балаларға көмектесім келетін, бірақ қалай көмектесуге болатынын білмедім. Кейіннен жоғары оқу орнына түскенде волонтерлік ұйыммен таныстым.



Олар дәл осы бағытта көмек көрсететін. Осылай волонтерлік қызмет өмір салтыма айналып кетті.

Бұл салада көптің көзіне көрінбейтін қиындықтар өте көп. Кейде көмек көрсеткен отбасылар дәрежі сөйлеп, кейде адамдар волонтерларды менсінбейтін кездер болады. Бірақ бұл жерде, менің ойымша, көмектесемін деген таза ниет болса, барлық қиындықтардан өтуге болады.

– Алда қандай істер жоспарлаудасыз?

– Қазіргі таңда біз «Әлеуметтік шеберхана» және «Ұлағат» атты авторлық жобаларымызды жүзеге асырып жатырмыз. Осы жобаларды дамыту, сапасын көтеру жақын болашақтағы мақсатымыз. Одан бөлек, ойымызда жүрген бірнеше әлеуметтік жобалар бар. Жақын уақытта соларды да бастаймыз деген ойдамын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ӘКІММЕН КЕЗДЕСУ

ҰСЫНЫС- тілектер түгел ескеріледі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен әкімдердің халықпен кездесу өткізуінің жаңа форматы қабылданған болатын. Алматы қаласында осы форматтағы кездесулер басталып та кетті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кеше Бостандық ауданында орналасқан «Ортиба-3» ықшам-ауданындағы №40 жалпы білім беретін мектепте аудан әкімі Алтай Рахымбетов тұрғындармен кездесті. Оған орын-басарлары, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, Қоғамдық кеңестің, қалалық басқармалардың және Бостандық ауданы ІБ өкілдері қатысты.

Бостандық ауданы – мегаполистегі ең ірі аудан, онда 365 мың адам немесе Алматы халқының 18%-ы тұрады. Аудан әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша алдыңғы сапта келеді. Мысалы, алматылықтардың жұмыспен қамтылу көрсеткішінің 19,7%-ын осы аудан құрайды. Аудан бюджетке салық түсімдерінің 24%-ын қамтамасыз етеді, инвестициялар тарту бойынша І орын алады (осы жылдың қаңтар-ақпан айларында инвестициялар көлемі 13,2%-ға өсіп, 42,2 млрд теңгені құрады). Тұрғындардың негізгі бөлігі ШОБ саласында жұмыс істейді, бұл жұмыспен қамтылған халықтың 66,5%-ы. Биыл ауданда 7 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған.

Аудан халқы аса белсенді. Олар «Бюджетке қатысу» жобасына да қатысып отырады. Осы жоба шеңберінде жайлы орта қалыптастыру және абаттандыруды одан әрі жақсарту мақсатында биыл Бостандық ауданы үшін қаржыландыру көлемі 58%-ға, 766 млн теңгеге дейін ұлғайтылды (2021 жылы 483,8 млн теңге болған). Балалар және спорт аялдарын, бульварларды, №10 мектепті, Тимирязев көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағын, жасыл аймақтарға арналған суару су құбырларын ағымдағы жөндеу жоспарлануда. 80 аула аумағына күрделі жөндеу жүргізіледі.

Аудан ірі болған соң мәселе де аз емес. Билік пен халық арасындағы кездесуден тұрғындарды көбіне қала көркін бұзып тұрған ескірген үйлерді бұзу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, аулаларды абаттандыру және жарықтандыру, қоғамдық аймақтарды құру, қауіпсіздік, қоқыс жинау және тағы да басқа мәселелер толғандыратынын білдік.

Барлық сұрақ бойынша аудан басшылығы мен тиісті мекеме өкілдері тарапынан жауаптар, түсініктемелер берілді. Біраз сұрақ назарға алынды. Осы кездесуде қойылған барлық 50-ге жуық сауал жазбаша түрде тіркеліп, аудан әкімінің жеке бақылауында болады.

#КҮШІМІЗБІРЛІКТЕ!

Алмас ОРАЛБЕК,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
PhD докторанты:

ЖАҢА КЕЗЕҢ КЕЛДІ



Алдағы күндерге үмітпен, зор сеніммен қарайтын халқымыз Президент Жолдауынан айрықша өзгерістер мен тың жаңалықтар күткені анық. «Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша» деп бастаған Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде орын алған түрлі аласапыран оқиғалар мен түйткілді мәселелерді талдай келе, осыған дейінгі жіберілген ағаттықтардан сабақ ала отырып, сол күрмеуі қиын мәселелерді шешудің жолы ретінде өзгерістер жасаудың жаңа кезеңі келгендігін алға тартты. Сондай-ақ, Қазақстан халқына саяси жаңғыртудың кешенді бағдарламасын ұсынды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі саяси-экономикалық, әлеуметтік өзгерістердің өзектілігін әлемдік ірі тәжірибелермен сабақтастыра келе, «саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес» екендігін баса айтты.

Президент өз Жолдауын «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым» «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» сияқты тараулармен тарата айтып, Тәуелсіздік алғалы 30 жылдан бергі түрлі саладағы

қордаланған мәселелерге баса мән берді. Еліміздің даму жолында тұрақтылық пен бейбітшіліктің бұзылмауын, теріс пиғылды күштердің арам ойларына тосқауыл қойып, ел тыныштығын сақтап, халықтың бейбіт күнде шат-шадыман өмір кешуі үшін, ел арасында бірлік, ынтымақ, ауызбіршілік ауадай қажеттігін, сонымен қатар халық денсаулығы, құқықтық нормативтердің сақталуы, сапалы білім алуын, т.б. мәселелерді басты нысана ете отырып, мемлекет пен халықтың арасындағы сенімді күшейтудің маңыздылығын қадап айтты. Сонымен бірге, саяси реформаларының бұл төрт топтамасы халықтың ой-пікірімен санаса отырып, «естітін мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың алғышарты болып табылды.

«Елу жылда – ел жаңа» дегендей, қандай да бір тарихтың өтпелі кезеңі болады. «Жаңа Қазақстан» бастамасы еліміз өркендеуінің тағы бір жаңа кезеңге бет алған тағы бір серпінді кезеңі деуге болады. Сол себепті, бұл бастаманың халқымыз үшін, жарқын болашақ үшін, қай жағынан алып қарасақ та, мәні де, маңызы да аса зор деп санаймын.

Соңғы уақыттары елімізде көптеген өзгерістер орын алуда. Жаңадан Ұлытау, Жетісу, Абай өңірлері құрылуда. Топономикалық жағынан да дұрыс шешім болды ғой деп ойлаймыз. Өйткені, ол облыстардың тарихи тамыры тереңде жатыр. Әрқайсысы да қасиетті өлкелер саналады. Сол қастерліліктің ғылыми маңызын ашу үшін алдағы уақытта экспедициялар мен зерттеулер жүргізіп, болашақ ұрпаққа әдеби, тарихи, археологиялық жана мұралар қалдырғанымыз қажет. Біздіңше осындай игі істер алдағы уақыттарда жүзеге асады деп сенеміз.

Бүгінгі сананы тұрмыс билеген нарықтың заманында ғылыммен айналысуды үлкен ерлік дер едім. Себебі, жеңіл жолға жүгінбей, ауыр да болса өзінің сүйікті ісімен айналысып жүрген ғылым

адамдарының еңбегі қоғамның кейбір өзге де саласындағы жандардың еңбегімен салыстыра қарағанда, аса елене бермейді. Үлкен табандылық пен жүйелі білімді қажет ететін ғылыммен айналысып, содан бір нәтиже шығарудың жолында тер төгіп жүрген жандарға қарап іштей сүйсінесің.

Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби: «Ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек» деген екен. Атақты ойшылдың ғылым жөнінде айтқан осы бір сөзінен ғылым жолында жүрген адамның қандай салмақты жүк аркалап жүргенін аңғару қиын емес. Себебі, ғылымға дәлдік пен ақиқат керек. Сол дәлдікті нақтылап, ақиқатын ашу үшін сіздің біраз тер төгуіңізге тура келеді.

Ұлы Абай: «Ғылыммен шұғылдану – бұл нағыз адамдық болмыстың көрінісі. Қалған тірліктер бос тірлік. Пенденің адам болғанының көрінісі – ғылымға деген идеямен ауырғаны. Өйткені, адам ғылымды шын көңілімен көксесе ғана, ол адамның аты шын адам болады екен» деген екен. Менің ойымша, ұлы ақынның айтпағы сенің ертеңгі өмірің, жарқын болашағың, бәрі осы ғылыммен келеді, ғылымсыз болашағыңның бұлдырап, адамшылықтан алыстай беретініндей айтып отырғандай.

Адамзаттың ұлы жетістіктерінің бәрі ғылымның нәтижесі. Ғылымға шынайы кіріспей, сезінбей, жан-тәніңмен берілмей-інше, одан ешқандай нәтиже шықпайды. Дамыған өркениетті елдердің бүгінгі біз көріп отырған нәтижелерге қол жеткізгені, ғылым жолында жанын аямаған, білімге деген құштырлығының арқасы. Сол тәжірибелерді қарап отырсақ, ғылымның қай саласы болса да, үлкен жауапкершілік пен білімнің, ниет пен күштің керек екенін аңғарамыз.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ОРАЗА – 2022

ИМАНДЫЛЫҚ – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

Дәстүрлі дініміз ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуы керек

Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы дастархан жайып, ауызашар берді.

Президент жиналған қауым алдында сөйлеген сөзінде бұл игі дәстүрдің халықты береке-бірлікке шақыратынын атап өтті, әділетті қоғам құрудың маңыздылығына тоқталды.

– Жақын арада Конституциямызды өзгертетін болдық. Бірақ ең алдымен, жұртымыздың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Алдымызда көптеген түйткілдер бар, сондықтан бәріміз жұмыла еңбек етуіміз керек. Ең бастысы,

«Елімізге береке-бірлік, өзара түсіністік қажет. Ислам адамдарды бөлінуге емес, бірлікке шақырады. Имандылық – ең асыл қасиет. Сондықтан дәстүрлі дініміз ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуы керек. Ұрпаққа осындай өнегелі тәрбие беру – бәріміздің ортақ міндетіміз».

ниетіміз таза, пейіліміз тұзу болуға тиіс. Бір-бірімізге жанашырлық танытуымыз керек. Қазір бүкіл адамзатқа дәл осындай қасиеттер жетіспей жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға дұрыс бағыт-бағдар берілуі керек екенін, білімді, көзі ашық,

көкірегі ояу, отаншыл жастар ғана келешектің иесі болатынын ерекше атап өтті. Президенттің пікірінше, жастарымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, қазіргі заманның ғылым-білімін игеруі айрықша маңызды. Мемлекет басшысы ислам дінінің өркениет құндылықта-

«Ең алдымен, жұртымыздың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Алдымызда көптеген түйткілдер бар, сондықтан бәріміз жұмыла еңбек етуіміз керек. Ең бастысы, ниетіміз таза, пейіліміз тұзу болуға тиіс. Бір-бірімізге жанашырлық танытуымыз керек».

рын, бейбітшілік ұғымдарын насихаттайтынын атап өтті.

– Жұртымыз қашанда бейбіт өмірді бағалай білген. Біз осы ұстанымнан айнамаймыз. Ол үшін елімізге береке-бірлік, өзара түсіністік қажет. Ислам адамдарды бөлінуге емес, бірлікке шақырады. Имандылық – ең асыл қасиет. Сондықтан дәстүрлі дініміз ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуы керек. Ұрпаққа осындай өнегелі тәрбие беру – бәріміздің ортақ міндетіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент елімізге татулық пен тыныштық тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#BIRGE #TAZAQAZAQSTAN

«Сенбілік алаңына, сондай-ақ, Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, эко-волонтерлар, сондай-ақ, Президенттік жастар кадрлық резервінің мүшелері де шықты».

(Басы 1-бетте)

Іс-шарада Президент пен экоеріктілер және жастар кадрлық резервінің мүшелері арасында емен-жарқын әңгіме болды. Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатқа, жалпы экологияға ұқыпты қараудың маңыздылығы туралы айтты.

«Екінші республиканы өркендетеміз. Жалпы келешегіміз жақсы, айқын, жарқын болатынына ешқандай күмәнім жоқ. Мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында. Мен сіздерге сенемін».

Мемлекет басшысы Қазақстан болашақта жасыл елге айналуы керек деп санайды. «Тал дегеніміз – қасиетті ұғым. Біз тал-теректерді, табиғатты қорғауымыз керек», – деді Президент.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕН СІЗДЕРГЕ СЕНЕМІН!

Мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында



«Сіздер Қазақстанның болашағысыздар! Жаңа Қазақстанды ел болып, ұлт болып, мемлекет болып, бәріміз бірге құруға кірісуіміз қажет».

«Тал дегеніміз – қасиетті ұғым. Біз тал-теректерді, табиғатты қорғауымыз керек».



– Баршаңызға алғыс айтамын. Сіздер Қазақстанның болашағысыздар! Жаңа Қазақстанды ел болып, ұлт болып, мемлекет болып, бәріміз бірге құруға кірісуіміз қажет. Аманшылық болса, Екінші республиканы өркендетеміз. Жалпы келешегіміз жақсы, айқын, жарқын болатынына ешқандай күмәнім жоқ. Мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында. Мен сіздерге сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еріктілер мен Президенттік жастар кадрлық резервінің мүшелері экологиялық мәселелер мен бастамаларға үнемі қолдау білдіретіні үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

Акцияға қатысқандар 15 түп жөке және 35 түп емен көшетін екті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».


ҚОЛӨНЕР

МАТАҒА ЖАН БІТІРГЕН ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

Қазақстанда Батик өнері қанат жайып келеді



Заманауи кеңістікте өндірістік технологияларды пайдалану арқылы ұлттық өнерді жандандыру үшін көптеген жұмыстар жасалуда. Камила Жапалова қазақи өнерді заманауи тұрғыда жаңғыртып жүрген шеберлердің бірі. Оның бейнелеу өнерінде үлкен шығармашылық тәжірибесі бар. Камила Жапалова 100 жаңа есім жобасының жеңімпазы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері. Сондай-ақ, Камила Орал қаласында еліміз бойынша ауқымы кең симпозиум ұйымдастырмақшы. Шетел және Қазақстанның атақты суретшілерінің біріккен симпозиумы қазақ жерінің тарихи орындарын, әлеуметтік жетістіктерін таныстырады деп күтілуде.


**Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Суретшінің бұл іспен шұғылданғанына 20 жылға жуықтаған екен. Басында хобби, кейін кәсіп көзіне айналған. Қазір сұраныс бойынша жұмыс жасайды. Яғни Шығыс елдерінде кең тараған батик өнерімен айналысады. «Жұмыс барысы күрделі, біршама уақыт кетеді. Төзім мен табандылықты талап етеді», – дейді ол.

– Шыны керек, батикті мектептерге мұғалім болып орналасқанда шәкірттеріме үйретіп жүрдім. Бұл саланы түбегейлі меңгеремін деген ой болған емес. Кейін көпшіліктің өнеріме деген қызығушылығы күшейіп, сұраныс артқаннан кейін, кәсіпке айналдырдым. Ресейдің Санкт-Петербург қаласына арнайы барып оқып, батик өнерінің техникасын меңгердім. Қазір қазақы нақыштағы туындылар жасап жүрмін. Батик өнері VII-VIII ғасырларда Индонезия мен Қытай елдерінде пайда болған. Аталған мемлекеттерден Еуропаға, Ресейге тараған. Кейін бізге жеткен. Батик дегеніміз – матаны ерекше әшекейлеу, сурет салу, оны нүктелермен толтыру немесе штрихтеу. Әлем халықтары, әсіресе, үнділер, қытайлар, мысырлықтар бұл өнерді ерте кезден дамытқан. Бүгінде батик өнері Қазақстанда да қанат жайып келеді. Көздің жауын алатын ұлттық нақыштағы туындыларды елімізде ұйымдастырылатын көрмелерден кездестіруге болады, – дейді кейіпкеріміз.

Батик техникасы дегеніміз – суретті матаға түрлі бояулар мен балауыздар арқылы бейнелеу, әшекейлеу. Осы ретте явандықтардың шеберлігі жоғары саналады. Оған қоса, мұның он мыңнан астам түрі бар екен. Ал Камила осы техниканы қолдана отырып, картина бетіне атлас лентамен жан бітіреді.

– Қолөнердің бұл түрін еркін игеріп кеттім деп айта алмаймын. Әуелі жеңіл түрінен бастадым. Қол үйрене бастағанда көлемді дүниелер жасауды жоспарлады. Ол үшін, әрине, осы явандықтардың техникасына сүйендім. Қажетті материалдарды Қытай елінен алдырамын. Көбінесе табиғаттың суреті бейнеленген матаға тапсырыс жасаймын. Бір-екі ай көлемінде қолым тиеді. Содан соң оны атлас лентамен әрлеймін. Ол таспалаудан өткен соң ерекше түрге енеді. Әрбір туындымнан кейін екінші тынысым ашылғандай күй кешемін. «Өнерді үйрен де, жирен» дейді ғой бабаларымыз. Расымен қолөнермен айналысу адам болмысын түбегейлі өзгертеді деуге негіз бар, – деді жұмысының қыр-сырымен бөліскен Камила.

Батик өндірісінде бояғыштардан басқа арнайы композициялар да жетерлік. Мәселен, матаны дайындауға ерекше назар аударылады. Біркелкі және қажетті тығыздықты беру үшін оны сіңдіріп, мұқият ағартып, қайнатады. Осыдан кейін бояудың көп күндік процесі басталатын көрінеді.

– Матаны көркемдеп өңдеудің кез келген түрі үшін кергіш керек. Батикке арналған кергіштердің бірнеше түрі бар. Олардың өлшемдері әртүрлі. Сонымен қатар, жылжымалы кергіштер бар, мұндай кергіштер кішігірім поннолар жазғанға қолайлы. Резервтік құрлымды жүргізу үшін қатты иштіңдік қисты немесе арнайы шыны түтікше керек. Ал аниландік бояулар үшін жұмсақ қисты қолданған жөн. Олардың өлшем-

дерінің әртүрлі болуы жұмысты жазғанға қолайлы. Эскиздерді калька немесе жұмсақ қағазда орындаған дұрыс. Бояуларға тоқталар болсақ. Суық және еркін батик үшін спиртке қосылған сұйық әрі өте ашық, таза түстерден тұратын бояулар керек. Бояулар қою күйге айналып кетпеу керек, – дейді шебер.

дап, яғни жуып алған жөн. Себебі, таза мата бояуды жақсы сіңіреді. Оны жақсылап кергішке керіп дайындауымыз керек. Жұмыс жасаған кезде кергіштегі мата үстел бетіне тимеуі керек. Суық батикпен геометриялық фигуралардан, ою-өрнектерден тұратын композицияны орындаған жақсы. Суық батикте бояуды кептіріп отырып бірнеше



Батиктің түрлеріне келетін болсақ, орындалу техникасына және эскиздің күрделілігіне қарай батик үш түрге бөлінеді. Олар: суық батик, ыстық батик және еркін батик деп бөлінеді. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар.

– Суық батиктің ыстық батиктен айырмашылығы бірінші салынған контур сызықтары нақты болуы керек. Резервтік қосындыны мата бетіне жүргізу үшін арнайы шыны түтікшелер қажет. Жұмысты бастамас бұрын алдын ала матаны дайын-

дап жазуға болады. Тек бояудың таза түсін жоғалтып алмау керек, – дейді Камила.

Сонымен қатар, ыстық батикті орындалу ерекшелігіне қарай үш түрге бөлуге болады: қарапайым батик, күрделі батик және «дактан» батигі деп атайды.

Батиктің түрлері салынатын суреттің күрделілігіне байланысты таңдалады. Мысалы, күрделі емес композицияға қарапайым ыстық батикті қолданады. Резервтік қосынды арқылы контурды жүргізіп алғаннан кейін

бояудың түсін бірден тауып, бір қабат жағады. Ал күрделі композициялық суретке бояу бірнеше қабат болып жағылады. Әр қабатқа әртүрлі шаблон дайындалады.

Ал еркін батик ыстық батик пен суық батиктен айырмашылығы – ол акварель техникасына ұқсайды. Ол екі түрлі әдіспен орындалады деседі. Олардың біріншісі құрғақ батик, екіншісі дымқыл батик.

– Құрғақ батикте арнайы дайындалған матаны рамкаға керіп тұзды ерітіндімен жүргізіп шығады. Оны кептіргеннен кейін бояуды эскиз бойынша бірден матаның бетіне түсіруге болады, сонда мата бояуды жайылып кетпейтіндей сақтайды. Ал дымқыл батикте керісінше бояу жайылып кеткені дұрыс. Картинадағы сурет монотипия техникасында орындалған композицияны еске түсіреді, – дейді қылқалам шебері.

Бүгінде Камила сурет салудан бөлек, осы өнер түрінен күнделікті тұрмыста қолданатын орамал мен киімдердің де түр-түрін тігіп жүрген жайы бар.


– Көрмеге келген халық менің киімдеріме қызығып, тапсырыс бере бастады. Көйлектерім бір көрген адамды бірден баурап алады. Негізі, батик өнері тек Явада ғана жоғары деңгейдегі көркемдікке және техникалық әсемдікке жеткен. Бұл жердегі батикке бүкіл әлем таңдай қағады. Ал индонезиялықтар болса, оны қарапайым зат ретінде қабылдайды. Яғни Индонезия, Бали, Ява аралдарының тұрғындары оны күнделікті дәстүрлі киімінде пайдаланады. Ал мен бұған өзіміздің ұлттық нақышымызды енгіздім. Қазір мұндай көйлектерге сұраныс өте жоғары. Бұл кәсіптің бәрін бірдей алып жүру өте қиын. Өйткені, бір тіккен киім екіншісіне ұқсамайды, – дейді суретші.

Қызығушылықтан бастау алған талпыныс осылай ажырамас кәсібіне айналған. Өмірін өнермен толықтырған оның туындылары да аса шеберлікпен жасалған. Сонымен қатар, осы өнер түріне баулып жүрген шәкірттері де жетерлік.

– Батик өнеріне жас та, кәрі де көрген бойда қызығушылық танытады. Бізге үйретулерін ітініп келетіндер де аз емес. Бірақ сурет салу оңай емес екендігін айтамыз. Өйткені, қате кетіп қалса оны жөндей алмайсың. Сондықтан өте ұқыпты, елті болуын қадағалаймыз. Жастардың ішінде осы өнермен айналысып жүргендері бар, дегенмен оларға әлі де ізденіс керек. Тағы бір айта кетерлігі, батик салатын құралдар қымбат. Жастардың көбі батикке еліктеп айналысуға тырысады, бірақ олар батик ережелері бұзылмайтынын, оның өзінің бабы, жолы бар екенін ұғынса, – дейді кейіпкеріміз.

Қазіргі таңда қолөнершінің туындыларына сұраныс артқан. Алыс-жақын аймақтан тапсырыс та түсетін көрінеді. Мәселен, оның Нью-Йорк қаласында 2 мәрте жеке көрмесі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, шетелдіктердің көңілінен шыққан. Сондай-ақ марапат ретінде кеудесіне алтын медаль таққан.

– Көрмені әлемнің түкпір-түкпірінен келген өнерсүйер қауым тамашалайды. Өнерді шын бағалайтын хас таланттар байқап, өз бағасын береді. Бұл – мен үшін үлкен жетістік. Көрменің мақсаты – әлемдегі талантты өнерпаздардың басын қосып, олардың шығармашылығын шыңдау. Шараның алашқы күнінде өнертанушылар, музей, галерея басшылары, коллекционерлер, дилерлер өздеріне ұнаған жұмыстарды сатып алады. Жалпы, көрме 5 күнге жалғасты. Көрмеге қойылған еңбектерімнің барлығы батикадан жасалған. «Бітпес өмір», «Шаңырақ», «Арман», «Мақсат» сияқты келешекпен байланысты жарқын, позитивті жұмыстарымды көпшілік назарына ұсындым. Атырау қаласының 50 жылдығына орай жеке көрме ұйымдастырылмақшы, – дейді Камила Жапалова.





ШОТА УӘЛИХАНОВ – 90

Шаһарымызда сәулетші және қоғам қайраткері Шота Ыдырысұлы Уәлихановтың 90 жылдығына арналған «Сәулетші жолы – ұлт құндылығы» атты конференция өтті. Іс-шараны мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына орай Еуразия мәдениет қоры ұйымдастырды.

Досбол
АТАЖАН

Алматының бас алаңында орнатылған Тәуелсіздік монументі мен Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторы Шота Уәлихановтың мерейтойына арналған жиынға Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов, ҚР тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ректоры Жансейіт Түймебаев және зиялы қауым өкілдері мен Ш.Уәлихановтың туыстары қатысты.

Жиын Ерулан Қанапияновтың Шота Ыдырысұлына арнаған өлеңін оқуымен басталып, ары қарай қазақ тарихында алтын әріппен жазылған сәулетші туралы деректі фильмді тамашалаумен жалғасты. Фильмде қазақ сәулетшісінің өмірінен мол мағлұмат беріліп, оның мұрағаттағы сұхбаты мен бейнежазбаларынан біршама үзінділер көрсетілді.

Деректі фильм көрсетілімінен кейін Шота Уәлиханов туралы естеліктер айтылып, жалпы тұлғалық қасиеттері жайлы әңгіме өрбіді.

– Шота Уәлиханов өте өнегелі өмір сүрді. Онымен диалогсыз, сөйлескен адам көзінің қарашығы үлкейіп рухани байып қалатын. Шотаның ой-өрісі өзгеден ерек еді. Сондықтан ол секілді адамдармен пікір алмасып, әңгімелескіміз келетін. Бүгінгі күні сәулетші бауырымыздың өз қолымен жасаған ескерткіштері бізге мұра болып қалды. Ал бұрын сол ескерткіштерді жасау барысында біз макет болып позаға тұратынбыз. Оның еңбектері жас ұрпаққа үлкен тәлім-тәрбие



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ



береді, ал ескерткіштері ел есінде көмескіленіп бара жатқан тарихи тұлғаларды ешқашан ұмыттырмайды. Сондықтан Шота сынды қайраткерлерімізді бірінші кезекте дәріптеуіміз керек, – деді Қазақстанның ха-

лық ақыны, ҚР Еңбек Ері Олжас Сүлейменов.

Қазақстан Республикасының тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Токтар Әубәкіров те Шота Уәлиханов туралы жылы естеліктерін айтты.

– Ол менен 13-ақ жас үлкен болса да, мені «ұлым» дейтін. Осы сөзіне ренжісем, «қазақта «он үште отау иесі» деген сөз бар» деп ақталып алатын. Шота Ыдырысұлы өте ерекше адам. Онымен сөйлескеннен рахаттанып қалатынымын. Өмірімнің жартысы Ресейде өткен маған ол еліміздің тарихын байыппен, ұқыптап түсіндіретін. Қандай да бір жаңа жоба жасаса, бірінші болып мені шақырып, халық көзімен қарап баға берші деп өтінетін. Небір жетістіктерге жетсе де, ешқашан тәкаппарлығын көрмедік. Ол кісі мен үшін әкенің орнына аке, ағаның орнына аға болды, ақыл айтатын ұстаз болды, – деп еске алды ол.

Конференция барысында «Шот-Аман Уәлихан» атты жеті томдық кітаптың тұсау-кесері өтті. Бұл кітаптар жинағында Шота Уәлихановтың шығармашылық еңбектері мен оның сәулетші ретіндегі жұмыстарының жасалуы, мән-мағынасы туралы деректер жиналған.

– «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Шота ағамыздың өмір бойы жазып-сызған қолжазбалары, жарыққа шықпаған жобалары мен еңбектері шапшаң кетпей тұрғанда, мынандай жеті томдыққа жинақтау – болашақ ұрпаққа арналған үлкен іс, – деді Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Шәкір Ыбыраев.

Жиын соңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Шота Уәлихановтың зайыбы Зинаида Керімқызына камзол кигізіп, алтын медаль табыстады.

ТАҒЫМ

Қазақтың бағына туған тұлға

Еліміздің басты символы – Мемлекеттік Елтаңбаның, Алматыдағы Тәуелсіздік монументінің авторы, сәулетші, ақын, ғалым әрі қоғам қайраткері Шот-Аман Уәлихановтың елге сіңірген еңбегі ұшан-теңіз

Қазақстан Сәулетшілер одағын басқарған кезде Шота Ыдырысұлы республикамыздың ұлттық сәулетшілер кадрларының өсуіне, олардың шығармашылық еңбек етуіне көп жұмыс істеген адам. Ол осы одаққа келгенде 5-ақ қазақ мүше болса, ол ауысқан кезде 300-ден астам қазақ одаққа мүше болған екен.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Шота Уәлиханов (басқа әріптестерімен бірге) – еліміздегі көптеген ғимараттың және 20-дан астам ескерткіштің авторы. Олардың қатарында Алматыдағы «Универсам» дүкені, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ғимараты, «Казгипрозем» үйі, Шоқан Уәлиханов, Тоқаш Бокин, Абай, Ғани Мұратбаев, Әліби Жангелдин, Ахмет Байтұрсынов, Кенесары Қасымов және тағы басқа ескерткіштер бар.

Туындыларының ішінде ерекше атап өтетініміз, еліміздің басты символы – Мемлекеттік Елтаңбамыз. Бұл – 1993 жылы Жандарбек Мәлібеков пен Шота-Аман Уәлихановтың мемлекет тарихына қосқан ең бір құнды туындысы. Бұл мемлекеттік рәміз қазақ халқының тәуелсіздігін бүкіл әлемге дәріптейтіндей сипатта жасалып, күні бүгінге дейін мемлекет мәртебесін асқақтатып келеді.

Шота Ыдырысұлының басқаруымен бір топ мүсінші мен сәулетші, құрылысшы мен инженер жасап шығарған Тәуелсіздік монументі де – шоғыр ескерткіштердің ішіндегі шоқтығы биігі. Ол сәулет, мүсін және инженерлік өнерді тоғыстырған сәулеттік кешен деген бағаға ие болған. 1996 жылы тұрғызылған бұл монумент Париждегі Эйфель мұнарасы секілді әлемге әйгілі ескерткіштердің біріне айналып кетті. Монументтен мүсіннен бөлек каллиграфиялық жазбаларды да кездестіруге болады. Көпшілік Тәуелсіздік монументін Шота Уәлиханов шығармашылығының шыңы деп таныған. Тәуелсіздігіміздің құрметіне салынған бұл ерекше туынды егемендігіне ие болған мемлекетіміздің өткеніне тағзым етіп, келешегіне серпін беретін азаттығының белгісі ретінде бой көтерген. Тұғырдың ұшар шыңында нық тұрған «Алтын



адам» бейне қазақ жеріндегі бейбітшілік пен тәуелсіздікті күзетіп тұрғандай әсер қалдырады.

Ш.Уәлиханов – Қазақстан Республикасы Президенті байрағының, Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының, Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының эмблемаларының да авторы. 2001 жылы Семейдегі ядролық сынақ полигонының жабылуына арнап «Ажалдан да күшті» атты ескерткіш кешенін де жасап шықты. Бұл іргелі монумент ел тарихының қасиетті бір белесіне қойылған құлпытас ретінде өмірге келген болатын. Бұл ескерткіште «атом бұлтының» астында баласын денесімен жапқан ананың бейнесі арқылы өмір үшін күрес пен өмірге құштарлық көрініс тапқан.

Шота Уәлихановтың ірі сәулетші ретіндегі ерекше қолтаңбаларының бірі – еліміздегі ауыл-село құрылысы. Сонымен қатар, ол құрылыс тәжірибесіне жер сілкіну кезінде құламайтын монолитті үйлер салуды енгізген алғашқы авторлардың бірі.

«Ақын жаман өлең жазса, оқымай қоюға, композитор жаман музыка жазса, тыңдамай қоюға болар, ал жаман сарай немесе ұсқынсыз ескерткіш салынса, қарамай қоюыңыз мүмкін емес. Көзге шыққан сүйелдей кемі 100 жыл тұруы

мүмкін. Мұның өзі санаға қаншама әсер етеді десеңізші. Сондықтан да сәулетшінің халық алдындағы жауапкершілігі өте жоғары деп есептеймін. Сәулетші қиялышыл ғана емес, философ болуы керек», – дейді бір естелігінде. Бұл орайда сәулетші өзінің ісін, мамандығын аса құрметтегені, риясыз сүйгені байқалады.

Шота Уәлиханов Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, этнограф, географ, ағартушы, демократ Шоқан Уәлихановтың тікелей ұрпағы.

Еңбек жолын Алматы қаласындағы «Казгорстройпроект» мемлекеттік жобалау институтында сәулетші болып бастаған. Содан кейін КСРО Құрылыс және сәулет академиясының Қазақ филиалында кіші ғылыми қызметкер, Алматы қаласы бас сәулетшісінің орынбасары, республикалық Мәдениет және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамы төрағасының бірінші орынбасары, «Казграждансельпроектінің» Бас сәулетшісі, 1973–1982 ж.ж. Қазақстан Сәулетшілер одағының төрағасы, КСРО Сәулетшілер одағы басқармасының хатшысы, 1990–1995 ж.ж. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында өнер және сәулет бөлімінің меңгерушісі болған.

Шота Уәлиханов – сәулет өнерімен қатар, қаламды да серік еткен шығармашыл тұлға. Сәулет өнерінің тарихы мен мәдениеті туралы жазылған көптеген қызықты мақаланың, бірнеше ғылыми еңбектің авторы. 1965 жылы «Таспен жазылған симфония» атты повесі де көпшілікке ұнаған. «Көгілдір Көкше» (әні Е.Хасанғалиевтікі), «Жарық жұлдыз» (әні С.Мұхамеджановтікі), «Айналдым, айналдым елімнен» (әні Н.Тілендиевтікі) сияқты әсем әуезді өлеңдері де бар. «Жүрегім боп соғады жердің өзі» атты жыр-жинағы да жарық көрген.

Ш.Уәлихановтың «Ақ нұр», «Тағдыр», «Террор», «Жас Шоқан», «Шоқанның ақ түні» және тағы басқа пьесалары театр сахналарында қойылған. Қазақтың әйгілі ханы Абылайдың тарихи тұлғасына, қазақ халқының ғұлама ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми еңбектері де бір төбе. Оның Шоқан туралы пьесалары сахнаға шықты. Шоқан туралы «Айтылмаған әңгіме», «Шоқан туралы бірер сөз», «Достық жыршысы», «Тағылым», «Абзал аға, өнегелі інілер», «Жаны сұлу жарқын бейне», «Халқының арман-мұңын арқалаған» сынды өзге де зерттеу еңбектерін оқырмандар жылы қабылдаған.

Арада қанша уақыт өтсе де, Шота Уәлихановтың шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқына қызмет ете бермек.



26 СӘУІР – ЧЕРНОБЫЛЬ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

СҰРАПЫЛ АПАТ

Чернобыль зардабын жоюға қатысқан ардагерлер мемлекеттік қолдауға зәру

Чернобыль апатына 36 жыл толып отыр. Алайда, осы уақытқа дейін аталмыш апатқа қатысқан қазақстандық ардагерлерге мемлекет тарапынан мардымды көмек беріліп отырған жоқ. Тіпті, олар ТМД елдеріндегі әріптестерінің ішінде ең төмен зейнетақы алады екен. Бұл туралы мәселені Чернобыль апатына қатысқан қазақстандық ардагер көтеріп отыр.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

ТҮРЛІ ЖЕҢІЛДІКТЕР ҚАРАСТЫРЫЛСА ЕКЕН...

Қазіргі таңда Чернобыль апатына қатысқан ардагерлер мемлекеттік қолдауға зәру. Апат зардабын жоюға Қазақстаннан 31 743 адам барса, қазірде оның 4 мыңға жуығы ғана қалған. Оның өзінде басым көбі мүгедектікке ұшыраған. Егер соғысқа қатысып, бір мүшесінен, қолы не аяғынан айырылып келген ардагер салауатты өмір салтын ұстанып, уақытылы дәрісін қабылдап жүрсе, 20–30 жылға дейін жасауы мүмкін. Ал радиация уытын бойына сіңірген чернобыльдықтарға қолданатын ешқандай ем жоқ. Демек, бұл апат соғыстан да ауыр зардап әкеліп тұр. Өкініштісі сол, еліміздің шенеуніктері чернобыльдықтарға ешқандай көмек көрсетіп отырған жоқ. Экономикалық жағынан құлдыраған Қырғызстанның өзі Чернобыль апатына қатысқан ардагерлеріне көптеген жеңілдіктер жасап отыр. Тіпті, зейнетақыларын 400 долларға дейін көтерген. Онымен қоса, қоғамдық көлікте жүруге, коммуналдық төлемдерге жеңілдіктер қарастырған.

Ал бізде олардың алатын зейнетақысы небәрі 50–55 мың теңге. Басқа ешқандай жеңілдік жоқ. Ал Украинадағы жағдайға келетін болсақ, ондағы апатқа қатысушылар көптеген жеңілдіктен бөлек, 800 доллар зейнетақы алады екен. Ресейдегі чернобыльдықтарға мың доллар зейнетақы тағайындалған. Оның өзінде оларға жыл сайын Президенттік сыйақылар беріліп тұрады, санаторийлерде тегін ем қабылдайды. Біздегілер болса, ТМД бойынша ең аз зейнетақы алады. Демек, Чернобыль апатын жоюшы қазақстандық ардагерлердің әлеуметтік және денсаулық жайы мәз емес. Олардың әрқайсысы кем дегенде 20-дан астам сырқат түрімен ауырады.



«Біздің қатарымыздың тез сиреп бара жатқандығының бір себебі, міне, осыдан. Мардымсыз зейнетақы денсаулық сақтауға және тіршілік кешуге жетпейді. Бұл әділеттілік пе? Оның өзінде азық-түлік бағасы мен коммуналдық төлемдер жыл сайын өсіп жатыр. Сондықтан біздерге қатысты жеңілдіктер мен жәрдемақыларды мемлекет қайта қарауы керек», – дейді Чернобыль апатына қатысқан ардагер Талғат Ибрагимов.

ЕСКЕРТКІШТЕР МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯДАН ӨТКІЗІЛУІ ТИІС

Осыдан біраз жыл бұрын Чернобыль апатын ауыздықтауға қатысушыларға арналған ескерткіштің

жобасы жасалып, тіпті ол қойылыпты да. Бірақ оның сапасы сын көтермейтін көрінеді. «Мәселе – мүсіннің орнағанында емес, мазмұнында... Ескерткіште айбарлы көрініс, астарлы мән жоқ. Қалай болса солай қойыла салған», – дейді Т.Ибрагимов.

Расында да, кейде ескерткіштер асығыс-үсігіс орнатылып жатады. Тастұғыр үстіндегі кейбір бейнелер атаулы тұлғаның кескін-келбетінен алшақ кетіп жататыны жасырын емес. Сондықтан әрбір қойылатын ескерткіш, не болмаса шағын архитектуралық формалар мемлекеттік комиссиядан өткізілгені дұрыс секілді. Қалада, не далада қойылатын кез келген мүсін, ескерткіш, бюст болсын, барлығының да көркемдік талабы жоғары болуы тиіс. Ескерткіш бірақ рет тұрғызылады.

Ол – елдің зердесі. Мемлекеттік өлшем, мемлекеттік стандартпен бекітіліп, шығармашылық талап қойылса, мұндай олқылықтар болмас еді... Республикамыздың жер-жерінде Чернобыль АЭС-індегі ядролық апаттың зардабын жоюшыларға арналған ұсақ-түйек белгілер болғанымен, олардың ерен еңбегінің нәтижесін білдіретіндей ескерткіш жоқ.

«Жастарға отанышылдық тәлім-тәрбие беруде аға буынның бұл ерлігін ұмытуға болмайды. Оларға көрсетілетін құрмет біздің көзіміздің тірісінде жасалуы тиіс.

Сондықтан тарихтың ұмытылмас бір кезеңінің белгісі ретінде чернобыльдық ардагерлерге ескерткіш қою мемлекеттің бір парызы болуы тиіс», – дейді ол.

● ТҮЙІН:

Қалай десек те, 1986 жылы 26 сәуірде болған Чернобыль апаты кімді болса да ойландыруы тиіс. Оның үстіне, осындай ірі апаттың алдын алуға ерекше үлес қосқан еліміздегі «чернобыльдықтардың» айтқан уәждері де орынды секілді. Сондықтан Чернобыль ардагерлерінің жанайқайына құлақ асып, олардың пікірлері ескерілсе екен дейміз.

● ЗЕРДЕ

Ажалмен бетпе-бет арпалысқан азамат

1986 жылы 26 сәуірде Украинаның Чернобыль қаласында атом-электр станциясы жарылды. 140 тонна радиоактивті отын ауаға тарап, оның зияны АҚШ-тың Хиросима-Нагасаки қалаларына тастаған 2 атом бомбасының қуатына тең болған. Оның зардабы мен зиянын сараптай келе, Чернобыльге қатысып, денсаулығынан айырылғандарды Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан мүтедектермен теңестірген-ді.

Ресейдің ақпаратына сүйенсек 1986–1992 жылдар аралығында апатты залалсыздандыруға қатысқан адамдардың саны алты жүз мыңнан асқан. Оның ішінде ресми тізімге 31 743 қазақстандық тіркелген екен. Чернобыльді залалсыздандыруға қатысқан-дардың ісі ерлікке пара-пар, батырлыққа теңдес. Жұмахмет Тобағабыл сондай ардагердің бірі. Жұмахмет Мырзахметұлы Чернобыльге 1987 жылы барыпты. Жұмекең әскери борышын өтеп келіп, оқуын аяқтап, мамандығы бойынша құрылыста жұмыс істеп жүрген кезі екен.

«Екінші ұлымның туғанына алты-ақ күн болған. Жатақханада тұрамыз. Жас отбасымыз, – деп еске алады Жұмахмет аға. – Бір күні жұмыстан келіп, ас-ауқатымды ішіп отыр едім, екі қызыл жолағы бар «Волга» келді. «Мен әскерде қызмет еттім, борышымды өтедім, міндетімді атқардым. Сіздер бір нәрсені шатастырып тұрсыздар-ау» десем, «Жоқ, сіз шұғыл түрде военкоматқа баруыңыз керек» деп, әй-шайға қаратпай алып кетті. Ойым оңға, санам саққа жүзгірді. Әрекет ету керек. Содан ретін тауып военкомға кіріп, оған: «Жолдас майор! Мен балашагаммен пәтерде тұрып жатырмын.

Әйелім жаңа босанып еді. Мән-жайды айтсаңызшы!», – десем, «Таңғы жетіде кетесің, жетіге дейін уақытың бар. Келмесең, соттаймын», – деді. Әңгіме қысқа болды. КСРО кезінде «бармаймын» деген болмайтын. Барған соң білдік, Чернобыль не екенін... Біз отыз шақырым аймақтың ішінде болдық. Бара салысымен бөлім командирі болдым. Блоктың ішінде тазалықпен айналыстық. Не тапсырма береді, соны істейміз. Негізінен, тазалау және өңдеу жұмысы. Мысалы, Чернобыльдің жерлерін аударамыз. Барлық жер былғанған, уланған. Он бес күн істеп, он бес күн демаламыз».

Өкімет радиациядан ұрпақсыз қалу, белсіздік болатынын нақты болжаған. Сондықтан да екі баласы бар азаматтарды алған деген қорытынды шығаруға болады. Жұмахмет аға да осы жағына арнайы тоқталды.

– Радиацияның зиянды сәулеленудің жоғары дозасы 8,4 бэр деп көрсетілген. Бірақ ол Мәскеудің бұйрығына сәйкес екі есе төмен көрсеткіш. Мысалы, 16, 20, 25 бэрден асып кетсе де, 9-10 бэрден артық көтермейсіңдер деп бұйрық берген. Негізі 30 бэрге дейін сәулеленудің зияны бар. Сап-



сау келгендер радиацияның зардабынан ауру болып жатқанын көзімізбен талай көрдік. Аяқасты ауырады, госпитальға алып кетеді, көп ұзамай қайтыс болғанын естіп жатамыз. Міне, сондай аса қауіпті, зиянды жерде бес ай болып келдім. Кейіннен әскери госпитальда мынандай жағдай болды. Ленинградтан дәрігерлер келіп, ауру тарихын қарап отырып, зиянды сәулеленудің үлкен дозасы деп мені шақырды. Мен ол кезде Алматыда әскери госпитальда жатқанмын. Дәрігерлер палатаға өздері келіп, менің осындай сәулеленген дозамен қалай тірі жүргеніме таңқалды, – дейді кейіпкеріміз.

Радиоактивті отынның тозаңы 160 мың шаршы шақырым аумаққа таралып, 17 миллион халықты улаған. Оның 4 миллионы 14 жасқа толмаған балалар деген дерек бар. Радиоактивті элемент құрамында адам ағзасында рак ауруын тудыратын цезий 143, иод 131 химиялық түзілімдері болған. Желмен ұшқан радиациялық элементтер жолындағы күллі орманды күйдіріп жіберген.

Жұмахмет аға жарылыстың зиянына байланысты тағы бір мысал айтқанда, жағамызды ұстадық. «Бір күні – дейді Жұмекең, – 4-ші блоктың ішін тазалап

жатқанбыз. Екі сағаттан кейін дазимитристер келді. Дазимитристер вертолетпен келеді де, радиацияны өлшейді. Сол жерді жасыл бормен сызып, белгі қойса, ол бөлмеге кіруге болады. Ал егер қызыл белгі тұрса, ол бөлмеге кіруге қатаң тыйым салынады. Осылайша олар алдымызда сызып отырады, біз соңынан жүріп отырамыз. Түскі ас уақыты болатын. Шамалыдан кейін дазимитристер келіп, бөлім бастығын шақырды. Мен барып, өзімді бөлім бастығы ретінде таныстырдым. «У тебя два двухсотый» деді. Мен: «У меня все в наличии» деймін. Олар маған «Посмотри» деді. Мен барып, адамдарымды түгендесем, екі адам жоқ екен. Бір уақытта айқай шықты. Сол жерге барсақ, аузында темекісі, екі көзінде ғана тіршіліктің нышаны бар, қол-аяғы істемей қалған, сұлық, қимылсыз екі солдатимыз жатыр. Киевтің госпиталіне дереу алып кетті. Екеуі де отызға толмаған жігіттер еді. Біреуін көтеріп, көлікке салдым. Көңілім босап, көзімнен жас ақты. Бірге жұмыс істеп жүрген қазақтың балалары. Марқұмдар қызыл бормен сызылған жерге кіріп кеткен ғой».

КСРО заманында Чернобыльге қатысқандарға көп көмек көрсетіпті. Ол кезде ақшалай компенсация, тегін ұшақ, тегін пойызбен жүру болған екен. Ал қазір бұл жеңілдіктің барлығын алып тастаған. Көп көмектен қалғаны – жыл сайын демалыс орындарына жолдама береді. Оған да шүкір. Алматыдан аттанған алты жарым мың чернобыльдіктен бүгінде 800-дей ғана қалуы – үлкен шығын. Жұмахмет Тобағабыл секілді ардагерлерге қолдау көрсеткеніміз, құба-құп. Чернобыльді еске алу күні қарсаңында Жұмахмет ағаны кейіпкер етіп, осы материалды жазудағы мақсат та осы. Жұмекең бүгінде үш ұл, бір қыздың әкесі, бес немеренің атасы. Ендігі өмірде Сәнім жеңгей Бақытқызымен бірге ұрпағының қызығын көруіне тілектеспіз.

Еділ АНЫҚБАЙ.



БОКС

ШАВКАТ ШЫҢДА ТҰР

Спорт – тұнып тұрған мотивация. Бұл әлемде денсаулығы мықты ғана емес, қайратты жан озады.

Әрдайым тектілігімізді тілге тиек етіп жүрміз. Тектілікпен қатар, табандылық та керек-ау. Әйтпесе, құр сөзден көбік шығады. Шавкат өзін қалыптастырған спортшы. Қазақстаннан жырақта туса да, қайратының арқасында биікті бағындырып келеді. Онысына ризашылық білдіріп, көңілі мықты азамат болуға демеу береді. Тіпті, көптеген жас өрендерге үлгі етуге болады. Жуырда белгілі сайты аралас жекпе-жек әлеміндегі ең белді промоушен – UFC-ге байланысты бірнеше қызықты мәліметті жария етті. Бұл жолы олар жартылай орта салмақта күш сынасып жүрген «ТОП-15» спортшыға кеңінен тоқталып, кімнің қандай елеулі табыстарға қол жеткізгені туралы тартымды ақпарат таратты.

35 жастағы Аргентиналық арланы Сантьяго Понзинибио 77 кило салмақ дәрежесіндегі ең мықты нокаутер деп танылды. Ол 33 кездесуінің 28-ін мерзімінен бұрын аяқтаған екен. Екінші және үшінші орындарда – бразилиялық Висенте Луке мен америкалық Хорхе Масвидаль. Алғашқысы 19 (30 кездесу), екіншісі 18 (51

кездесу) қарсыласын есінен тандырды. Төртінші сатыға 15 рет (15 кездесу) айқын жеңіске қол жеткізген Шавкат Рахмонов жайғасты. Осы орайда, қазақ спортшысы жоғарыда есімдері аталғандардан әлдеқайда аз бәсеке өткізгенін ескерген жөн. Және де Шавкат өз жекпе-жектерінің барлығында жеңіске жетті. Ал Понзинибио (5 рет), Луке (8 рет) мен Хорхе Масвидальдің (16 рет) бір емес, бірнеше рет жеңілістің кермек дәмін татқанын көзіміз көрді. Осы жағынан алсақ, қандасымыздың өзгелерден көш ілгері екені еш дау туғызбайды. Өйткені, Рахмонов 100 пайыздық көрсеткішке қол жеткізіп отыр. Сондай-ақ, үздіктер тізімінде Гилберт Бернс (25 кездесу, 20 жеңіс, 15 нокаут), Ли Джинглианг (25-18-16), Майкл Кьеза (24-18-11), Хамзат Чимаев (11-11-10), Джефф Нил (18-14-11) және Камару Усман (21-20-10) сынды саңлақтар бар.

Қарсыластарын есінен тандырған сойқан соққылы спортшылардың рейтингінде Шавкат Рахмонов жетінші орында нық тұр. Бәсеке барысында ол сегіз қарсыласын сұлатып салып,

ауыр нокаутқа жіберді. Әзірге Хорхе Масвидаль (16 нокаут), Сантьяго Понзинибио (15), Висенте Луке (11), Ли Джинглианг (9), Камару Усман (9) және Джефф Нил (8) ғана жерлесімізден озып тұр.

Сабмишн, яғни «қылқындыру» немесе «ауырту» тәсілі арқылы жеңіске жеткен жампоздардың тізімінде Шавкат үздік бестікті түйіндеуде. Ол жеті жекпе-жегінде жоғарыда айтылған әдістерді қолданып, қарсы келгендерді тырып еткізбей ұтты. Күрес өнерінің тәсілін ең керемет қолданып жүргендер қатарында Майкл Кьеза (11 сабмишн), Камару Усман (8), Гилберт Бернс (8) және Висенте Луке (8) бар.

UFC-дегі жартылай орта салмақ дәрежесінің жалпы рейтингінде Алаштың мақтан тұтар азаматы әзірге 15-орынды иеленуде. Бұл – қазақстандық жекпе-жек шеберлері арасындағы ең үздік көрсеткіш. Осы салмақтың тендессізі – 35 жастағы Камару Усман. Ол АҚШ-та туып-өскенімен, әке-шешесі Нигериядан қоныс аударып келген. Чемпиондық белбеу дәл Усманға тиесілі. Оны 34 жастағы Калифорния штатының тумасын Колби Ковингтон өкшелеп келеді. Ковингтон рейтингте бірінші орынды иеленуде. Екінші және үшінші сатыларға ұлыбританиялық Леон Эдвардс пен




швециялық Хамзат Чимаев жайғасты. Одан кейінгі орындарда бразилиялық Гилберт Бернс пен америкалық Висенте Луке. 6–12-орындардың барлығына тегістей АҚШ файтерлері тұрақтады. Олар – Белал Мухаммад, Стивен Томпсон, Хорхе Масвидаль, Шон Брэйди, Нил Мэгни, Майкл Кьеза және Джефф Нил. Сондай-ақ, қытайлық Ли Джин-глианг пен аргентиналық Сантьяго Понзинибио үздік 15 спортшының санатында.

КҮРЕС

Азиядан олжалы оралдық

Қазақ балуандар Азия чемпионатында 5 медаль жеңіп алды



Отандасымыз Азамат Дәулетбеков еркін күрестен Азия чемпионы атанды. 86 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен ол финалда Үндістан командасының өкілі, 2019 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дипак Пунияны 6:1 есебімен ұтты. Осылайша құрлықтық додада еркін күрестен ел қоржынына алтын медаль салды. Еркін күрес балуаны Нұрқожа Қайпанов Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

74 келіге дейінгі салмақтағы финалдық белдесуде спортшымыз ирандық Йонес Алиакбар Эмамичогасеймен кездесті. Белдесу 5:2 есебімен аяқталып, Нұрқожа Қазақстан қоржынына екінші күміс жүлдені әкелді. Екінші күміс Әлішер Ерғалидың еншісінде. Шешуші кездесуде ол ирандық Ядолла Мохаммадказем Мохебиге есе жіберді. Жұбаныш финалында Ақбар Құрбанов (61 келіге дейін) пен Әділет Дауланбаев (92 келіге дейін) қола жүлделерді жеңіп алды.

ДЗЮДО

Спортшыларымыз қуанышқа бөлеуде



Еліміздің дзюдошылары Польшада Еуропа кубогінен 5 медальді еншіледі.

Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше, қазақстандық дзюдошылар Еуропа кубогінен бір алтын, үш күміс және бір қола жүлде алды.

23-24 сәуір күндері Польшаның Познань қаласында дзюдодан жастар арасында Еуропа кубогі өтті. Аталған бәсекеге дзюдодан Қазақстан жастар құрама командасы қатысты.

Ел намысын абыроймен қорғап, жеңіс тұғырынан көрінген спортшылар тізімі келесідей:

Алтын – Мерей Марханбетов (60 келі);
Күміс – Нұрқанат Серікбаев (60 келі);
Күміс – Нұрсұлтан Зайсағалиев (66 келі);
Күміс – Жұрқамырза Шүкірбеков (-100 келі);
Қола – Нұрсұлтан Жұбатқан (60 келі).

РЕЙТИНГ



«Канело» GGG-дан озды. Әйгілі Boxrec.com сайты әлемдегі ең үздік кәсіпқой боксшылардың рейтингін жариялады. Жаңартылған тізімде Сауль Альварес көш бастап тұр.

Альварес Головкиннің алдына шықты

Жуырда ғана жартылай ауыр салмаққа ауысқан 31 жастағы Мексиканың мақтанышы шаршы аланда 60 кездесу өткізіп, соның 57-сінде жеңіс тойын тойлады. Ол тек бір рет қана жеңілді. 39 бәсекені мерзімінен бұрын аяқтады. Тарқатып айтсақ, 2013 жылы Канело америкалық Флойд Мейвезерге ұпай санымен ұтылды. 2016 жылы өзінің отандасы Хорхе Ярес және 2017 жылы қазақстандық Геннадий Головкинмен тең түсті. Дәл сол жерлесіміз үздіктер рейтингінде екінші орынды иеленуде. Таяуда ғана 40 жасқа толған GGG 44 мәрте рингке көтеріліп, 42 рет басымдық танытты. 37 қарсыласын ұрып жықты. Бір рет ұтылып, бір кездесу тең аяқталды. Үшінші орында – Теренс Кроуфорд. 34 жастағы АҚШ-тың арланы 38 жекпе-жектің барлығын сәтті аяқтап, 29 бәсекеде нокаут тіркелді.

Сондай-ақ, «ТОП-10» боксшының қатарында Тайсон Фьюри (Ұлыбритания), Эролл Спенс (АҚШ), Александр Усик (Украина), Энтони Джошуа (Ұлыбритания), Деонтей Уайлдер (АҚШ), Каллум Смит (Ұлыбритания) және Артур Бетербиев (Ресей) сынды саңлақтар бар.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Жүгірсеңіз, жігерленесіз

Ежелгі Рим ойшылы Гораций «Денсаулығың бар кезде жүгірмесең, аурушаң болғанда жүгіруіңе тура келеді» дейді. Денсаулықты жақсарту үшін – жүгіру қажет дегенді меңзеп тұр.



Данышпанның ойында терең мағыналы астар жатыр. Қанша ғасыр бұрын, тіпті біздің эрамызға дейін айтылса да өзектілігін бір жойған емес. Көбіміз аса мән бермегенімізбен, түбі шындық.

Тәннің саулығы – жанның саулығы

Таңғы салқынмен жүгіру аса пайдалы. Сарапшылардың пікірінше, біріншіден, таңғы шықта ауа таза болады. Яғни циркуляцияға түседі. Тұнық саф ауа ағзаға жақсы әсерін тигізеді.

Сол себепті де, түнімен босансып, ұйқы құшағынан шыққан денеге қан жүгіреді екен. Қысқаша айтқанда, денеңіздің барлық бөлігіне қан жүреді. Осылайша күні бойы сергек жүресіз. Нәтижесінде бойыңызда ынта пайда болады. Қалғып-мүлгімейсіз, қайта күш-қуатыңыз артады. Арасында аздаған жаттығу жасасаңыз, берер пайдасы зор болмақ.

Жақсылыққа жүгіріп жетуге тырысыңыз

Бұл арада біздің айтар ойымыз біреу ғана. Ол, әрине, ұмтылыс. Жүгір деу тек физикалық тұрғыдан айтылған сөз емес.

Мұның астары тым әріде жатыр. Тамыры тереңде жатыр. Әрбір істің, дәлірек айтқанда, арманыңыздың орындалу жолында тоқтамаған абзал. Сәл кідірдіңіз, жаныңыздан өзге біреу басып озады. Сіз көздеген мәреге өзге бірінші жетеді. Осылайша қалыс қалуыңыз әбден мүмкін.

Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

КЕРЕК ДЕРЕК

Көпбалалы отбасыларға қандай көмек көрсетіледі?

Қазіргі уақытта елімізде 500 мыңға жуық отбасы көпбалалы деген мәртебеге ие. Ал енді көпбалалы отбасы мәртебесін алу үшін неше бала болуы керек, әрі мемлекет қанша теңге жәрдемақы төлейді, оны алу үшін не істейді деген сұрақтарға жауап іздеп көрдік. Көптің көкейіндегі мәселені «Азаматтарға арналған үкімет» МК Алматы қаласы филиалының Баспасөз қызметінің басшысы Жаңыл Әпетова айтып берді.



Динара МҰРАТ

– Елімізде қанша баладан бастап көпбалалы отбасы мәртебесін алуға болады? Төленетін жәрдемақы мөлшері қандай?

– Қазір Қазақстанда төртінші бала дүниеге келісімен көпбалалы отбасы мәртебесіне ие болады. Бірақ мемлекеттен төленетін жәрдемақы мөлшері әртүрлі. 2022 жылы көпбалалы отбасыларға тағайындалатын жәрдемақы былай тізбектеледі:

- 4 балаға – 49 100 теңге;
- 5 балаға – 61 383 теңге;
- 6 балаға – 73 666 теңге;
- 7 балаға – 85 948 теңге;
- 8 балаға – 98 230 теңге;

Келесі әр балаға 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақша қосылады. Қазір 1 АЕК – 3063 теңге. Бүгінде бұл жәрдемақы-

ны 487 мыңнан астам қазақстандық отбасы алады. Оның ішінде 63 437 әйел «Алтын алқа» және 138 571 әйел «Күміс алқа» иегерлері.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, жоғарыдағы әлеуметтік көмек көпбалалы отбасыларға әр балаға жеке-жеке төленеді деген түсінік қате. Бұл ақша балалары көмелет жасына толғанға дейін айына бір рет беріледі. Балаларының үлкені 18-ге толып жатса, жәрдемақы тоқтайды. Бірақ ескерер тағы бір мәселе бар. Яғни, сол үлкені күндізгі бөлімге оқуға түсіп, өзге балалары көмелет жасына толмаса, онда жәрдемақы 23 жасқа дейін қайта жалғасады.

– Көпбалалы отбасылар бұл жәрдемақыны алу үшін не істеуі керек?

– Өткен жылдың мамыр айында қызмет көрсету жүйесіне өзгерістер енді. Яғни енді әйелдер төртінші немесе одан да кейінгі баланы туған кезде тағайындалатын көпбалалы отбасылар жәрдемақысын алу үшін ХҚКО-ға жүгінуі міндетті емес. Мемлекет барлығын қашықтықтан SMS-хабарлама арқылы рәсімдеу мүмкіндігін жасады. Бұрын аталған жәрдемақыны алу үшін ХҚКО-ға барып, өтініш жазып, жеке куәлік, балалардың туу туралы куәліктері мен неке қию куәлігі сияқты құжаттарды ұсыну қажет еді. Енді барлығы жеңіл. Бастысы, өзіңіздің eGov.kz қызметтерін пайдаланушының жеке мәліметтері жинақталып, сақталатын мобильді азаматтар базасында тіркелгеніңізді анықтау керек. Сол кезде көпбалалы отбасы мәртебесіне ие болдыңыз деген SMS-хабарлама келеді.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына! 2022 ж. 29 сәуір сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би к., 308-үй Ду-800 жылу магистралінде гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш. ауданы, Ақсайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш. ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықш. ауданы, «Ақсай-3 Б» ықш. ауданы, «Ақсай-2» ықш. ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобөкетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жаракат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді алуға болады «АлЭС» АҚ тел.: 8 (727) 227-70-21.

Бас директор –
Төлеміс КҰЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**Балалар
жылы
2022****500-ге жуық
балалар
әдебиеті тарту
етілді**

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Осыған орай, Түркия Республикасы «TÜRKTAV» Түркі мәдениеті және тарихы қоры Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесімен бірлесе отырып «Балалар кітапхана-насының қызметі туралы нұсқаулық» атты кітапты жарыққа шығарды.

**Ақтоқын
түрліғазы**

Оқулық авторы – Хаджеттепе университетінің ақпарат және деректерді басқару бөлімінің оқытушысы профессор Бүлент Йылмаз. Түрлі халықаралық және ұлттық ғылыми журналдардың сараптама алқасының мүшесі. Оның сөзінше кітап халыққа ашық түрде қызмет көрсететін балалар кітапханасында еңбек ететін кітапханашыларға кітапхананың іс-әрекеті мен қызметтері жөнінде жол көрсетіп, жәрдем береді.

Түркия Республикасы «TÜRKTAV» Түркі тарихы және мәдениеті қоры көне дәуірден бүгінге дейінгі түркі әлемінің тарихын, тілі мен әдебиетін және мәдениетін зерттеп, Ұлттық және халықаралық деңгейдегі жобалар арқылы түркі халықтарының мәдени жады мен тарихи мұрасының құндылықтарын болашақ ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтады. Қор көптеген халықаралық ұйым және мекемелермен ынтымақтастық туралы келісім-шартқа қол қойып, Түркі халықтарының әдебиеті, тілі, тарихы, мәдениеті салаларында бірнеше кітаптарды түрік тілінде басып шығарып, көптеген ғылыми конференция, симпозиум, көрме, семинарлар өткізеді.

Аталмыш кітап «Отырар» электрондық кітапханасы қордың маңызды жобасы болып табылады. Бүгінде кітапхана қорында 100000-нан астам түркологияға байланысты кітаптар бар.

Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі басқармасымен ортақ жобалар бар. Айта кетелік, үстіміздегі жылдың мамыр айында «TÜRKTAV» қоры 500-ге жуық түрік тілінде шыққан балалар әдебиетін Қазақстандағы балалар кітапханаларына тарту етпек, сондай-ақ, Түркия Республикасының Алматыдағы Бас Консулдығының қолдауымен түрік тілін үйрететін тегін курстар ашпақ.

ОРАЗА – 2022

ДҰҒАЛАР КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙТЫН ТҮН

ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы «Әбу Насыр әл-Фараби» мешітіне арнайы барып, жамағатқа Рамазанның соңғы күндері жөнінде уағыз-насихат айтып, жамағатпен бірге еліміздің ынтымақ, бірлігі және халқымыздың амандығы үшін арнайы дұға жасады.

«Рамазанның соңғы 10 күнінде Пайғамбарымыздың өзі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аса ыждағаттылықпен құлшылық қылған. Әрине, Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ғибадаты қай кезде де ерекше, ынта мен ықыласқа толы еді. Әйтсе де, Рамазан айындағы ғибадаттың аса маңыздылығы үшін, әсіресе, соңғы он күндіктің аса қадірлі болуы себепті, Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің үмметіне үлгі болды.

Қасиетті айдың ішінде ең қымбат, дұғалар кері қайтарылмайтын түн жасырылған. Қадір түні – оның нақты қай түні екені белгісіз болуымен де қадірлі. Қадір түнінің бар екендігі хақ. Бірақ ол Рамазанның соңғы тақ түндерінің біріне жасырылды. Ғалымдар бұл түні жасалған жақсы амалдар, мың ай бойы жасаған амалдардан қайырлы деген.

Хадис шәріпте: «*Кімде-кім Қадір түнін артықшылығына сеніп, Алла Тағаладан сауап күтіп, құлшылықпен өткізсе, оның өткен күндері кешіріледі*», – делінген. *Ендеше, қасиетті Рамазанның соңғы күндерін құлшылықпен өткізіп, Қадір түнінде жасаған дұғатілектеріміз қабыл болсын*», – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Қадір түні қашан?

Міне, мұсылмандар үшін қасиетті Рамазан айының соңғы онкүндігі де өтіп жатыр.

Алла Тағала пенделеріне кейбір күндер мен түндерді қасиетті етіп берген. Айталық, қасиетті ай бар. Ол – Рамазан айы. Қасиетті күн бар. Ол – жұма күні, Арафа күні. Қасиетті уақыт бар. Ол – дұға қабыл болатын сәт. Сол сияқты, қасиетті түн бар. Ол – мың айдан да қайырлы Қадір түні. Бұл түн басқа түндермен салыстырғанда, ерекше түн. Осы түнде Жаратушы Иеміздің пенделеріне берер сыйы да мол. Сол себепті, мұсылман қауымы Қадір түнін тағатсыздана күтіп, оны құр жіберіп алмауға әрі бұл түнді тиімді пайдалануға, Жаратушыға барынша жақындауға тырысады. Себебі, Қадір түнінде тілеген дұға-тілектер сөзсіз қабыл болады.

Қасиетті қадір түнінде қандай амал жасаған жөн. Бұл жайында Ислам ғұламалары төмендегідей амалдарды жасағанды абзал деп санайды.

Біріншіден, бұл түнді әуелі шынайы ниетпен, Алланың ризашылығы үшін ғибадат жасаумен, намаз оқумен, Құран оқумен өткізі. Өйткені, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Кім Қадір түнін иманмен және сауабын үміт етіп өткізсе, өткен күндері кешіріледі*», – деген.



Сіз пітір садақасын бердіңіз бе?

Биылғы пітір садақаның мөлшері – 500 теңге. Жағдайыңыз келсе, бұдан да артық беруге болады. Пітір садақаны әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, жетім-жесірлерге, кедейлерге беру сауап.

Екіншіден, өткен қате-кемшілік күндеріміз үшін тәубе жасап, Алладан кешірім сұрау және Пайғамбарымызға салауат айтумен өткізу;

Үшіншіден, таң атқанға дейін ұйықтамай шын ықыласпен дұға жасау. Айша анамыз (Алла ол кісіге разы болсын) Пайғамбарымыздан «Қадір түніне тап болсам, қандай дұға жасайын» деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Уа, Алла! Сен кешірімдісің және кешіргенді жақсы көресің. Мені де кешіре гөр*» деген дұғаны үйреткен.

Сонымен, сәуір айының 27-інен 28-іне қараған түн – қасиетті Қадір түні. Ол ауыз ашқан уақыттан бастап, сәресіне дейін жалғасады. Қадір түнін ұйқысыз дұға етіп, құлшылықпен өткізген жөн. Ер адамдар мешітке барып, парыз намаздары мен нәпіл намаздарын жамағатпен бірге оқығаны жөн. Ал әйел адамдарға мешітке бару міндетті емес. Сондай-ақ, Қадір түнінде садақа берген абзал.

Түйіндеп айтқанда, барша мұсылмандар қасиетті түнде Алладан кешірім тілейді. Жаратқан Иеміз ұстаған оразаларымызды, дұға-тілектерімізді қабыл етсін дейік! Алла Тағала біздерге қасиетті Қадір түнінен мол сауап алуды және сол түннің қасиетімен күнәкәсіптерімізді кешіруді нәсіп етсін.

Жаратқан Алладан елімізге амандық, жұртымызға тыныштық, әр шаңыраққа бақытты-баянды ғұмыр, ырыс-несібе тілейміз. Дұғаларымыз қабыл болсын. Әмин!


«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: MUFTYAT.KZ).

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(25 сәуір – 2 мамыр)

**ТОҚТЫ**
(21 наурыз – 20 сәуір)


Біраздан бері ойлап жүрген идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Көктем Тоқтылардың өміріндегі үйлесімділік пен тұрақтылықты қалпына келтіріп, мансап пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті табуға сеп болады.

**ТОРПАҚ**
(21 сәуір – 21 мамыр)

Бұл апта сіз үшін шиеленіске толы болмақ. Демалыссыз жұмыс істейсіз, бірақ жеке өміріңіз жақсарды. Бойдақтар көптен күткен махаббатын тапса, ерлі-зайыптылар үшін күтпеген қуанышты жаңалық болады. Мейірімді болыңыз. Айналаңыздағы адамдарға ақша емес, жылулық сыйлаңыз.

**ЕГІЗДЕР**
(22 мамыр – 21 маусым)

Сәуір айында өміріңізде тұрғын үйге қатысты өзгерістер болады. Баспаналы болуыңыз ғажап емес, ал баспанасы барлар жөндеумен айналысуы мүмкін. Мәселелер болса шешіңіз. Бірақ түймедей нәрсені түйедей етпеңіз. Достарыңыздың көмегіне сүйеніңіз.

**ШАЯН**
(22 маусым – 22 шілде)

Осы аптада жеке өміріңіз бір жолға түседі. Өмірден өз теңін таппағандар болса, ақ некеге тұруы абден мүмкін. Ол өзіңіздің әрекетіңізге байланысты. Қаржыға кенелесіз. Жеңілдіктерге, ұтысқа ие болуы ықтимал.

**АРЫСТАН**
(23 шілде – 23 тамыз)


Бұл апта қиындықтарға толы болмақ. Көбіне сенімге кірген адамның пайдаланып кетуі ғажап емес. Сондықтан алаяқтың құрбаны болмас үшін шешімді дұрыс қабылдауыңыз қажет.

**БИКЕШ**
(24 тамыз – 22 қыркүйек)


Сәуір айында қысқамерзімді демалыс аласыз. Сол демалысты босқа өткізбей, қандай да бір жетістікке жету үшін пайдаланғаныңыз абзал. Тағдырдан сый күтпеңіз. Өз өміріңізді өзіңіз қолға алыңыз. Жақындарыңызға жақсылық жасаңыз.

**ТАРАЗЫ**
(23 қыркүйек – 22 қазан)

Шығармашылық адамдары үшін бұл апта сәтті болады. Жаңа жобаларды дүниеге әкеліп, өз шеберліктеріңізді көпшілікке көрсетуге мүмкіндік беретін шабытқа ие боласыз.

**САРЫШАЯН**
(23 қазан – 21 қараша)

Мансапта серпіліске ие боласыз. Мұндай мүмкіндікті жіберіп алмай, іскерлік жағдайыңызды жақсартып алуыңызға тілектеспіз. Өнбейтін тірліктен шаршасаңыз да, рухани әрі шығармашылық қалауыңызға уақыт табыңыз.

**МЕРГЕН**
(22 қараша – 21 желтоқсан)


Бұл күндері өзін-өзі дамытуға және кәсіби дағдыларды жетілдіруге уақыт бөлген адамдар айтарлықтай нәтижеге қол жеткізеді. Бұл жұмысқа және қаржылық жағдайға оң әсерін тигізеді.

**ТАУЕШКІ**
(22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Бұл белгінің өкілдері сәуірде қызмет бабымен жоғарылайды. Дизайнерлер мен мемлекеттік қызметшілер үлкен жетістіктерге қол жеткізуі мүмкін. Көп адаммен араласамын деп шаршап қалмаңыз. Кешті тыныш өткізіңіз.

**СУҚҰЙҒЫШ**
(21 қаңтар – 19 ақпан)

Алаяқтардың құрбаны болмауға тырысыңыз. Әсіресе, егде жастағы адамдар. Аптаның алғашқы күндері ұрыс-керіс пен кикіл-жіңнен аулақ болғаныңыз дұрыс. Әйтпесе, кішкентай ғана ұрыстың өзі үлкен мәселелерге айналады.

**БАЛЫҚТАР**
(20 ақпан – 20 наурыз)

Көптен бері араласпайтын адамдармен қайта табысасыз. Егер отбасында жанжал болса, онда ақылға келіп, бұрынғы бақытты күйіңізге оралыңыз. Өзіңіз дұрыс деп тапқан іспен шұғылданыңыз. Сүйікті жұмысыңызға неғұрлым көп көңіл бөлсеңіз, соғұрлым сәтті нәтижелерге қол жеткізесіз.

Әзірлеген Ақтоқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

**ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ**

€ EUR/KZT 479,69 теңге

\$ USD/KZT 443,99 теңге

₽ RUB/KZT 5,67 теңге

¥ CNY/KZT 68,37 теңге